

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖАҢА ПАРЛАМЕНТ БЕС ЖЫЛҒА САЙЛАНАДЫ

2-бет



Азат ПЕРУАШЕВ:

ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ СӨЗ ЖОЛДАУМЕН ПАРА-ПАР БОЛДЫ

4-бет



САЯСАТТАНУШЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ КІМ БОЛУЫ МҮМКІН ЕКЕНДІГІН АЙТТЫ

5-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

25 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №3-4 (1184-1185) 26.01.2026




## СӨЗГЕР

*Ұлттық журналистикамыздың ұлағатты ұстаздарының бірі, көсемсөздің кеңістігіне мүше бай-лаған, көркемсөздің керуеніне көше қосқан қаламгер Бекболат Әбдірұлы ӘДЕТТІ еске алғанда тілге оралған тіркестер*

**Жетпісінші жылдардың ортасында сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінде қызмет атқарған ағаларымыздың бәрі шетінен «сен тұр, мен атайын» болатын. Солардың ортасында Бекболат Әдеттің қаламы қиын да қилы тақырыптарға баруда ерекше көрініп, керуен тартқан көштің алдында кеудесін жел қаққан қара нардай болып көрінетін.**

8-9 бет

# ҚАЗАҚ ЖАЛҚАУ МА?



7 бет

**Біздің қоғамдағы бәрімізді алаңдататын негізгі мәселе – халықтың әлеуметтік жағдайы. Бұл жайт әлемдегі қай заманда болсын барша адамзаттың тіршілігіне тән екені белгілі. Өйткені адамдардың өмір сүруінің негізі – тамақтану мен өзінің күнделікті тұрмыстық қажеттілігін шешуіне тікелей байланысты. Халықтың «Ораза, намаз – тоқтықта, аш болсаң сәлдең қалар боқтықта» деген мақалында адамдардың өмір сүру болмысының философиялық қағидасының ақиқаты жатыр. Өкініштісі, біздің елдегі мемлекеттің саясатын қалыптастыратын саяси элита осы ұғымды ескере бермейтін сияқты. Еліміздің экономикалық дамуының негізгі мақсаты өз халқының кедейшіліктен құтылып, ауқатты өмір сүруіне жер қойнауы байлығы мен басқа да мүмкіншіліктерді толық пайдалануында болуын іске асыру.**



# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ пен ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҮЙЕЛІ ШЕШІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

**Ұлттық құрылтайдың отырысында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы мемлекеттік басқаруды цифрландырудың қазіргі тәсілдеріне нақты әрі принципті баға берді. Президент цифрландыру мен жасанды интеллект сәнді ұрандар, форумдар немесе пиар-науқандар үшін емес, бүкіл мемлекеттік аппарат үшін стратегиялық міндет ретінде жарияланғанын атап өтті. Әсіресе, негізгі басымдықтар атап өтілді: егер басқару үдерістері бастапқыдан дұрыс құрылмаса, қайталанатын функциялармен және бюрократиялық әуре-сарсаңмен шамадан тыс жүктелсе, технологиялар өздігінен басқарудағы бейберекеттілікті жоя алмайды.**

3 бет



## АДАЛДЫҚТЫҢ АЙНАСЫ, АҒАЙЫННЫҢ АЙБЫНЫ

14 бет

# ОТКРЫТИЕ САМОЙ ВЫСОКОЙ ВЕРШИНЫ САРЫ-АРКИ

**Как известно, из исследования рождается исследование, и нередко результаты одного научного труда открывают новые вопросы и направления для дальнейшего изучения, запуская тем самым новые исследования. Этот процесс является цикличным: каждое новое знание, полученное в результате исследования, порождает необходимость в новых поисках для его углубления или проверки.**

11 бет



050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8 (727) 398-57-31 | Жазылу индексі – 65380

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ЖАҢА ПАРЛАМЕНТ БЕС ЖЫЛҒА САЙЛАНАДЫ

**Қызылорда қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы өтті. Жиын барысында: «Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмайтындай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат төрағасына беріледі.**



Сенат төрағасының мемлекетті басқаруға мүмкіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді.

Бұл ретте, мәселенің бәрі «қалған мерзімге» деген сөзге келіп тіреледі, осы мәселені ерекше атап өткен жөн. Басқаша айтсақ, «қалған мерзім» 6 айға да, 6 жылға да созылуы мүмкін.

Сондықтан, Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет.

Бұл қадам халықаралық озық тәжірибеге сай келеді. Еліміздің кез келген басшысы билікке сайлау арқылы, яғни, заңды түрде келуі керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным.

Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермейтін қағида болуға тиіс!», - деді Президент.

– Ұсыныстардың төртінші бөлігі заң шығарушы органның жұмыс тәртібі мен рәсімдеріне қатысты болды. Жаңа Парламентте депутаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, мемлекеттің институционалдық тұғырын нығайтып, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз.

– Басты мақсатымыз да – осы. Билік институттарының жаңа құрылымы баршаға бірдей мүмкіндік беретін әділетті қоғам құрудың мызғымас негізі болмақ. Түптеп келгенде, біз бір қоғам болып қолға алған Парламенттік реформа еліміздің әлеуетін арттыратын болады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қарқынын күшейтіп, сапасын жақсарта түседі. Мен Мемлекет басшысы ретінде бұған кәміл сенемін, - деді Мемлекет басшысы.

Президент жаңа Парламентке «Құрылтай» деген атау беруді ұсынды. Оның айтуынша, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек.

Сондай-ақ, ол бір палаталы Парламент туралы бастаманы халық қолдап отырғанын атап өтті.

Осыдан бұрын Тоқаев жаңа Парламентте депутаттар барлығына бірдей ортақ тәртіппен сайлануы тиіс екенін айтты.

Сонымен қатар жаңа Парламенттегі мандат саны 145 болуы мүмкін екені айтылды.

# ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН ӘР БАЛАҒА ЖҮЗ ОТЫЗ ДОЛЛАР АУДАРЫЛАДЫ

**Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің хабарлауынша, 2025 жылы Ұлттық қордан әр баланың есепшотына 130 доллар аударылады. Бұл қаражат сәбилердің дүниеге келуі, кейбір балалардың елден кетуі немесе азаматтықтан шығуына байланысты есептеледі.**



«Алдын ала деректерге қарағанда, сома өткен жылдағыдай, әр балаға 130 доллардан тиесілі болады», — деді Сүлейменов. Оның айтуынша, өткен жылғы Ұлттық қордың табысы 8,7 млрд доллар болып, жылдық өсім 15%-ға жетті. Бұл рекордтық көрсеткіш және трансферттер мен алып қоюларға қарамастан қордың айтарлықтай өсуіне септігін тигізді.

Бұған дейін «БЖЗҚ» АҚ 2026 жылы 18 жасқа толатын балалардың «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына енгізілуі және алатын сомасы туралы ресми түсініктеме берген болатын.

# «АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ» «ӘЛЕМ ЖАДЫСЫНА» ЕНУІ МҮМКІН

**Премьер-министрдің орынбасары, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Үкімет отырысында қазақ әлемін ЮНЕСКО аясында насихаттау бағытындағы жұмыстар туралы баяндады.**



Оның айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Жаркент мешіті мен Вознесенск соборын біріктіретін номинация, сондай-ақ Қаратау жотасындағы петроглифтерді ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. ЮНЕСКО қағидаларына сәйкес 2026–2027 жылдары номинациялық құжаттар дайындалып, кейінгі кезеңде нақты шешім қабылданады.

Аида Балаева «Ұлттық цифрлық мұра» жобасының іске асырылу бастамасы жанданатынын хабарлады. «Абайдың қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіліміне енгізу үшін құжаттар сараптамалық бағалауға жолданды. Жоба Қазақстанның тарихи, мәдени және ғылыми мұрасын сақтау, жүйелеу және таныстыруға арналған бірыңғай ұлттық цифрлық платформа ретінде қарастырылып отыр. Оның іске асырылуы ерекше бақылауда болады», — деді министр.

Сонымен қатар, Ұлттық құрылтайдың соңғы отырысында мәдениет пен руханият саласында тың ұсыныстар айтылғаны еске салынды. Бұған дейін масс-медиадағы кейбір тауарларға салынған тыйым күшін жою мүмкіндігі де қарастырылып отыр.



# БЫЛТЫР ТІРКЕЛМЕГЕН ДӘРІ-ДӘРМЕК ӘШКЕРЕЛЕНДІ

**Елімізде дәрі-дәрмек нарығында 2025 жылы заңсыз өнімдер анықталды ма? Бұл сұраққа ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті жауап берді.**

– Комитеттің аумақтық департаменттері тарпынан 2025 жылы «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің 426-бабының 3-тармағына сәйкес, тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және сату фактілері бойынша 161 әкімшілік хаттама толтырылды. Бұл тұрғыда жалпы сомасы 77 млн теңге сомасында материалдар сотқа жіберілді, - делінген ведомствоның Kazinform агенттігіне берген жауабында.

Бұған дейін дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтердің кейбірі қосымша құн салығынан босатылғанын жазған едік.

Атап айтқанда, Қазақстанда өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмектердің 37%-ы өндіріледі.

# ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚҰҚЫН ОНЛАЙН ТҮРІНДЕ АЛА АЛАСЫЗ

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ-пен бірлесіп, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті онлайн режимінде көрсетудің пилоттық жобасын іске қосты.**

Енді сатып алу құқығы бар жалдамалы тұрғын үйге өтінім беріп, электрондық шартты «ҚТК» АҚ порталы арқылы рәсімдеуге болады. Құқықтар мен ауыртпалықтарды тіркеуге қажетті барлық құжаттар «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» жүйесіне автоматты түрде жолданады.

Жоба мемлекеттік қызметті алу мерзімін қысқартуға, азаматтардың шығындарын азайтуға, процестің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұған дейін Қазақстанда жылжымайтын мүлік бойынша бірыңғай цифрлық база құрылғаны хабарланған болатын. Сонымен қатар, автомобиль мен жылжымайтын мүлікті сату-сатып алу кезінде төлем сатып алушының атына тіркелгенге дейін бұғаттаулы тұратын механизм енгізілмек. Бұл жоба Үкіметтің қаржы саласына цифрлық теңгені енгізу жөніндегі жұмыс тобында қаралған.

# ҚАРАУСЫЗ ЖАНУАР АУЛАУҒА 834,3 МЛН ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

**Алматыда 2025 жылы 10 мыңға жуық қараусыз жануар ауланған. Қала ветеринарлық қызметінің мәліметінше, қаңғыбас жануарлар санын реттеу және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 19 аулау бригадасы, 91 қызметкер және 22 арнайы көлік жұмылдырылған.**

Нәтижесінде 9 477 ит пен 204 мысық ұсталған. АЗВҚ бағдарламасы аясында 1 500 ит пен 108 мысық стерилизацияланып, вакцинациядан кейін қайта жіберілді. Ал 1 660 қаңғыбас ит жаңа иелеріне берілген. Қауіп төндіруі мүмкін немесе ауыр дертке шалдыққан 3 480 ит жансыздандырылған.

2026 жылы осы бағыттағы жұмыстарға жергілікті бюджеттен 834,3 млн теңге бөліну жоспарланған. Сонымен қатар 2025 жылы Алматыда жедел ветеринариялық көмек қызметі іске қосылып, оған 1 240 өтініш түскен, оның 750-і жедел орындалған. Қызметте 4 маманнан тұратын екі бригада жұмыс істейді. Бұл қызметті қамтамасыз етуге 11 млн теңге бөлінген.

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МАМАНДАРЫ ДАЯРЛАНАДЫ

**Жасанды интеллект саласында кадрлар даярлау үшін 12 шетелдік жоғары оқу орны тартылды. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова айтып берді.**



Оның айтуынша, цифрлық мемлекетке көшу жағдайында цифрландыру және ЖИ-ді енгізу үшін жоғары білікті кадрлар қажет.

– Осы мәселені шешу үшін экономиканың трансформациясы кадрларды жедел даярлауды талап ететін салаларға әлемнің жетекші университеттері тартылып жатыр. Жалпы, ЖИ саласында кадр даярлауға 12 шетелдік жоғары оқу орны қатысады, – деді Г.Көбенова Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Сеул техникалық университетімен бірлесіп, ЖИ және информатика жоғары мектебі ашылды. Сондай-ақ Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ базасында City University of Hong Kong филиалы жасанды интеллект бойынша қос дипломды бағдарламалар іске қосылды.

Сонымен бірге, Қазақстанда үш «Лу Бань шеберханасы» құрылып жатыр. Біріншісі Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті базасында ашылды. Екіншісі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті базасында, үшіншісі М.Тынышпаев атындағы Логистика және көлік академиясында орналасқан.

Айта кетейік, OpenAI Қазақстанның 165 мың педагогіне тегін лицензия беретін болды.

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ пен ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҮЙЕЛІ ШЕШІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

**Жасанды интеллект пен цифрландыру жүйелі шешімді қажет етеді. Бұл туралы депутаттық сауалды «Ақ жол» фракциясының депутаты Олжас Нұралдинов жеткізді.**



**ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О.А. БЕКТЕНОВКЕ**

Ұлттық құрылтайдың отырысында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы мемлекеттік басқаруды цифрландырудың қазіргі тәсілдеріне нақты әрі принципті баға берді. Президент цифрландыру мен жасанды интеллект сәнді ұрандар, форумдар немесе пиарнауқандар үшін емес, бүкіл мемлекеттік аппарат үшін стратегиялық міндет ретінде жарияланғанын атап өтті.

Әсіресе, негізгі басымдықтар атап өтілді: егер басқару үдерістері бастапқыдан дұрыс құрылмаса, қайталанатын функциялармен және бюрократиялық әуре-сарсаңмен шамадан тыс жүктелсе, технологиялар өздігінен басқарудағы бейберекеттілікті жоя алмайды. Сондықтан цифрлық трансформацияға басқару жүйесінде тәртіп орнату, үздік басқарушылық тәжірибелерді енгізу және мемлекеттік сектордың ұйымдастырушылық мәдениетін арттыру алғышарт болуы тиіс.

«Ақ жол» фракциясы Президенттің бұл ұстанымын толық қолдайды.

Сонымен қатар, мынаны атап өтуге мәжбүрміз: қомақты бюджет шығындарына қарамастан, Қазақстанда цифрландыру әлі де болса көп жағдайда бытыраңқы, фрагментті және формалды түрде жүзеге асырылып келеді. Біртұтас басқарылатын саясаттың орнына іс жүзінде әртүрлі стандарттар бойынша, толыққанды интеграциясыз және түпкі нәтижеге жауапкершіліксіз жасалатын ведомстволық және өңірлік ақпараттық жүйелердің «зообағы» қалыптасуда. Бұл проблемалардың сақталып отырғанын білдіреді: цифрлық құралдар көбіне ескі бюрократияның сыртынан енгізіліп, басқарудағы бейберекеттілікті қысқартпай, керісінше, жекелеген жағдайларда оны жаңа формада бекітіп отыр.

«Ақ жол» фракциясы бұған дейін IT-жобаларды біріздендірудің, цифрландырудың бірыңғай платформалық архитектурасын енгізудің және мемлекеттің цифрлық саясатынан тыс ведомстволық әрі өңірлік шешімдерді әзірлеу тәжірибесін жоюдың қажеттілігі мәселелерін бірнеше рет көтерген болатын. 2025 жылы біз цифрландыру мәселелері бойынша бес депутаттық сауал жолладық. Алайда, өкінішке орай, өкілетті органдардың берген жауаптары көтерілген проблемаларға толыққанды шешім ұсына алмады.

Бүгінде ең осал әрі әлеуметтік тұрғыдан ең сезімтал салалар – денсаулық сақтау мен білім беру болып отыр, өйткені дәл осы салаларда ең ірі бюджет ағындары шоғырланып, қоғам үшін өткір мәселелер жинақталған. Бұл салаларға қатысты қоғамдық резонанс айтарлықтай жоғары, басқарудағы проблемалар, үдерістердің ашықтығының әлсіздігі және бақылаудың жеткіліксіздігі туралы көптеген дабылдар байқалып отыр. «Ақ жол» фракциясы 2026 жылы нақты цифрлық трансформацияның басым бағыттары ретінде дәл осы денсаулық сақтау мен білім беру салалары айқындалуы тиіс деп санайды, себебі бұл азаматтардың өмір сүру сапасына, бюджет қаражатын қорғауға және қоғамның сеніміне тікелей байланысты.

Кадр мәселесі де жеке шешімді талап етеді. Басшылық лауазымдарға тағайындау үшін мемлекеттік қызмет өтілін міндеттейтін қолданыстағы тәжірибе бәсекелі нарықтан мықты IT-мамандарды тартуды іс жүзінде тежеп, цифрлық жобаларды басқару сапасын төмендетіп отыр. Президент қойған міндеттерді іске асыру үшін цифрлық лауазымдар бойынша (цифрлық трансформация басшылары, архитекторлар, киберқауіпсіздік мамандары, деректер талдаушылары) арнайы тәртіп қарастыру орынды деп санаймыз. Бұл ретте расталған біліктілігі мен тәжірибесі бар бейінді мамандарды мемлекеттік қызмет өтілі міндетті емес негізде, құзыреттері бойынша кәсіби іріктеу арқылы тағайындауға мүмкіндік берілуі тиіс.

Сондай-ақ, әрбір орталық мемлекеттік органда цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізуге жеке жауап беретін, KPI көрсеткіштері мен дербес жауапкершілігі бекітілген вице-министр деңгейіндегі басшының орынбасары болуы қажет деп санаймыз.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясы келесіні сұрайды:

1. Бірыңғай мемлекеттік цифрлық платформаны (QazTech/аналог) өнеркәсіптік пайдалануға енгізудің күнтізбелік жоспарын, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ЖАО-ның қолданыстағы ақпараттық жүйелерін бірыңғай архитектураға интеграциялау жөніндегі жол картасын ұсыну, онда нақты мерзімдер мен жауапты лауазымды тұлғалар көрсетілуі тиіс;

2. 2026 жылға арналған денсаулық сақтау және білім беру салаларын цифрлық трансформациялаудың жеке кешенді жоспарын нақты KPI көрсеткіштерімен бірге ұсыну. Бұл жоспар бюрократия мен қайталанатын рәсімдерді қысқартуды, үдерістердің ашықтығын және салалардың басқарылуын арттыруды, қызметтердің тиімділігі мен сапасын мониторингтеудің цифрлық тетіктерін енгізуді, сондай-ақ жасанды интеллектті қолдану аясын кеңейтуді қамтуы қажет.

3. Цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізуге жеке жауап беретін вице-министр/басшының орынбасары деңгейіндегі лауазымды тұлғалар қай министрліктер мен орталық мемлекеттік органдарда жоқ екені туралы ақпаратты ұсыну және бұл мәселені шешу жөніндегі шаралар туралы хабарлау. Соның ішінде, мұндай кураторларды тек расталған кәсіби құзыреттері мен KPI көрсеткіштері бар IT саласының мамандары қатарынан тағайындауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көрсетілуі тиіс;

4. Мемлекеттік басқару жүйесіне кәсіби IT кадрларын тартуға кедергі келтіретін тосқауылдарды жою жөнінде ұсыныстар енгізіп, кәсіби құзыреттері расталған жағдайда, мемлекеттік қызмет өтілін міндетті талап етпей-ақ, басшылық цифрлық лауазымдарға тағайындау мүмкіндігін қарастыру.

Заңда белгіленген мерзімде ресми жауап жолдауды сұраймыз.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**
**О.НҰРАЛДИНОВ**
**А.ПЕРУАШЕВ**
**Д.ЕСПАЕВА**
**С.ЕРУБАЕВ**
**Е.БАРЛЫБАЕВ**
**Қ.ИСА**

# БАТЫС АУМАҚТАҒЫ ЖОЛ ҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕСІ ОҢ ШЕШІМІН КҮТЕДІ

**Батыс аумақтағы жол қатынасы мәселесі туралы депутаттық сауалды «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаты Серік Ерубаев мәлімдеді.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРІ Н. Е. САУРАНБАЕВҚА**

Өңірлерге сапар барысында, елдің батысындағы көлік қатынасы жолдарының аса мүшкіл жағдайына тағы да көзіміз жетті.

Атап айтқанда, Республикалық бюджеттің ірі доноры – Атырау облысында бірде-бір километр бірінші санатты төрт жолақты автомобиль жолдары жоқ.

Сонымен қатар, Атырау мен Орал қалалары арасындағы логистика стратегиялық маңызға ие екендігі белгілі. Аталған қалалар арасында теміржол ешқашан болмаған. Соның салдарынан жүк тасымалдаушылар Ақтөбе қаласы арқылы айтарлықтай айналма жасауға мәжбүр. Бұл өз кезегінде тасымалдау мерзімін ұзартып, жол құнын едәуір арттыруда.

Сондықтан, Атырау-Орал автожолы Батыс Қазақстанның негізгі көлік артерияларының бірі болып табылады және өзінің функционалдық мақсаты мен қозғалыс қарқындылығы бойынша, кемінде төрт жолақты автомобиль жолының параметрлеріне сәйкес келуі тиіс.

Алайда, бүгінде 20 жыл бұрын пайдалануға берілген, ұзындығы 500 шақырым болатын жолдың тозығы әбден жеткен. Оған 2024 жылғы көктемдегі су тасқыны қосымша өз үлесін қосып, төсемінің бұзылуы, көптеген шұңқырлар және опырылулар пайда болып, жол қозғалысына тұрақты қауіп төндіруде. Тасқыннан кейін зақымдалған жол учаскелердің кейбір бөліктері осы уақытқа дейін толық қалпына келтірілмеген.

Оның үстіне, Атырау-Индер автожолында жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты, барлық ауыр жүк көліктері аталмыш трассамен жүріп, жол қозғалысына елеулі қосымша жүктеме туғызуда.

Бұған дейін, технико-экономикалық негіздеме әзірленіп, Атырау мен Орал қалалары арасында заманауи автомагистраль салу жобасы қарастырылған болатын.

Алайда, қазіргі уақытта ені 9 метр жолдың орташа жөндеуімен шектелу туралы шешім қабылданған. Орташа жөндеудің қолданыстағы нормативтерінің үлкен проблемасы – бұндай жұмыстар жүргізілген кезде уақытша айналма жол салу қарастырылмайтынына назар аудару қажет.

Нәтижесінде, жөндеу жұмыстары кезеңінде көлік құралдары дала жолдарымен жүруге мәжбүр. Бұл шаң көтеріліп, көрінудің нашарлауына әкеледі және жол қозғалысы қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді.

Жүргізушілердің айтуынша, қазіргі кезде трассадағы қозғалыс, әсіресе түнгі уақытта және қолайсыз ауа-райы жағдайында өте қауіпті, кейбір учаскелерде жүргізушілер терең шұңқырларды айналып өту үшін қарсы жолаққа шығып, жол-көлік оқиғаларына тап болуда.

Ішкі істер министрлігінің ресми деректері бойынша, бұл учаскеде жыл сайын жол-көлік оқиғаларының едәуір саны тіркеліп, оның 81 пайызына жуығы адам өлімімен аяқталады. 2026 жылдың қаңтарының өзінде осы трассадағы апат салдарынан қаза болу фактілері тіркелген.

Тағы бір атап өтетін мәселе – жол құрылысында пайдаланатын химиялық материалдар.

Қазақстандық жол химиясын өндірушілер мен салалық ғылыми-зерттеу ұйымдары, ірі жол жобаларын іске асыру кезінде шетелдік арнайы қоспалар мен модификаторларды қолданудың жүйелі мәселесіне назар аударуда.

Қазіргі кезде, елде жол химиясының отандық өндірісі жолға қойылған. Қазақстанның климаттық және геологиялық жағдайларына бейімделген отандық аналогтарды әзірлеуге және қолдануға мүмкіндік беретін ғылыми және зертханалық база бар. Алайда, отандық материалдар көбінесе жобалау-сметалық құжаттамаға салынбай, іс жүзінде белгісіз себептермен қолданысқа алынбайды.

Бұндай жағдай, отандық жол химия саласын дамытудың орнына, шетелдік өндірісті қолдау болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Ақ жол» фракциясы:

1. Атырау мен Орал қалалары арасында I санатты төрт жолақты автомобиль жолын салу мүмкіндігін қарастыруды;

2. Орташа жөндеу жобаларында уақытша айналма жолдардың қарастырылмау себептерін түсіндіруді;

3. Жол құрылысы мен жөндеу жобаларын іске асыру барысында, отандық жол химиясы мен материалдарын басымдықпен пайдалану мүмкіндігін қарастырып, қабылданып жатқан шаралар туралы ақпарат беруді сұрайды.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**
**С.ЕРУБАЕВ**
**А.ПЕРУАШЕВ**
**Д.ЕСПАЕВА**
**Е.БАРЛЫБАЕВ**
**Қ.ИСА**
**О.НҰРАЛДИНОВ**

**Қызылордадағы Құрылтайды қатысушылары белгілі бір толқумен күтті десем қателеспеймін деп ойлаймын. Әсіресе, парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобының отырысынан кейін, ол кезде Президент Қ.Тоқаев Негізгі заңға енгізілетін өзгерістер тек Парламентке ғана қатысты болмайтынын, іс жүзінде елдің жаңа Конституциясын қабылдау туралы сөз болып отырғанын атап өткен еді.**
**Күткен үміт ақталды, алайда конституциялық реформадан бөлек, Қасым-Жомарт Кемелұлы анағұрлым кең ауқымды мәселелерді көтеріп, көптеген экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және тіпті моральдық-этикалық мәселелер бойынша мемлекеттің айқын ұстанымын белгіледі.**
**Ауқымы мен өзектілігі жағынан Құрылтайдағы бұл сөз Жолдаумен пара-пар болды, бірақ біршама өзгеше сарында – директивалықтан гөрі диалогтық, тіпті «ой толғау» сипатында деп айтуға болар еді.**



# ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ СӨЗ ЖОЛДАУМЕН ПАРА-ПАР БОЛДЫ

## АЗАТ ПЕРУАШЕВТІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ V ОТЫРЫСЫНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ СӨЗІ ЖӨНІНДЕГІ ПІКІРІ

Мәселен, цифрландыру міндетімен қатар, ол көпшілік үшін біршама күтпеген түрде: «Технологиялар өздігінен басқарудағы хаосты жоя алмайды. Егер үдерістер бастапқыдан-ақ дұрыс жолға қойылмаса, бюрократиялық әурешілікке толы болса, онда жасанды интеллектіні енгізу панацея болмайды», – деп атап өтті.

«Күтпеген» деп айтуымның себебі – жасанды интеллект бәрін алмастырады деген пікірге жиі кезігеміз. Алайда, Қасым-Жомарт Кемелұлы бұған дейін де, мысалы, 2025 жылғы 2 қазанда өткен Digital Bridge–2025 форумында, жасанды интеллект мүмкіндіктермен қатар қатерлерді де алып келетінін, мәселе тек оны қолдануда ғана емес, ең алдымен міндеттерді дұрыс қоя білуде екенін атап көрсеткен болатын (https://t.me/peruash/14638).

Сондықтан Президент: «Цифрлық трансформация стратегияларынан бұрын басқару жүйесінің өзінде тәртіп орнату қажет», – деп талап етеді, сонымен қатар: «Болашақтың жоғары технологиялы әрі энергияны көп қажет ететін экономикасы үшін берік инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға назар аудару керек», – дейді.

Осыған байланысты оның жаңа үрдістерден гөрі прагматикалық көзқарасты жоғары қоятын тағы бір мысалы бар – Қазақстанның табиғи артықшылықтарына сүйене отырып, энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету: «Көмір – біздің стратегиялық активіміз, оны толық пайдалану керек... Айтпақшы, Президент Трамптың: «Маған көмір ұнайды, жел ұнамайды», – деген сөзінде де шындық бар. Мұнда рационалды дән бар.

Көмір генерациясын дамытуға Ұлттық жоба мәртебесін беру қажет». Осылайша, Қасым-Жомарт Кемелұлы цифрландыруды «идеологема» ретінде емес, оны практикалық тұрғыдан қамтамасыз етілген жұмыс үдерісін ұйымдастыру деп қабылдайды.

Соған қарамастан, экономикалық ахуалды талдай отырып, Мемлекет басшысы қатаң тұжырымдардан өзін аулақ ұстамайды. Оның мұны нарықтық ойлау тұрғысынан жасауы айрықша назар аударарлық, мұның ең айқын көрінісі 2024 жылғы мамырда қабылданған «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында байқалды. Құрылтайда Қ. Тоқаев аталмыш нарықтық бағытты көлік-логистика және энергетика салаларына қатысты жалғастырды: «Үкімет мемлекеттік жүк авиакомпаниясын құру жөнінде қате басқарушылық шешім қабылдады... Егер Үкімет тапсырманы орындауға қауқарсыз болса, бұл мәселені жеке құрылымдарға беріңіздер»;

«Жылына 100 млн тонна көлемінде мұнай өндіретін ел авиациялық керосин бағасы бойынша мұнай өндірмейтін елдермен бәсекелесе алмайды. Бұл абсурд емес пе?! ...

Кадрлық шешімдер қабылдауға тура келетін сияқты».

Мемлекеттік білім беруді қаржыландыру саласындағы заңсыз әрі негізсіз шығындарды атап өте отырып, барлық кінәні жекеменшік секторға жаба салуға дағдыланған шенеуніктерден айырмашылығы, Президент мәселенің түп-төркінін жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесінің жетілмегендігінен көреді, тетіктерді шұғыл түрде реформалауды тапсырады және «орта білім беру жүйесін дамытудағы бизнестің оң рөлін ескеруді» міндеттейді. Мұндай ұғымдық қолдаудың өзі қымбатқа тұрады әрі Қасым-Жомарт Кемелұлын тек мемлекетшіл тұлға ғана емес, сонымен қатар ашық экономиканың берік жақтаушысы ретінде көрсетеді.

Осы ұстаным тұрғысынан Мемлекет басшысы Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры аясындағы ауқымды ұрлық-қарлықты да назарға алып, құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлық схемаларының бенефициарларын анықтауды тапсырды.

«Қорда орын алған жайт – әлеуметтік сала басшыларының кәсіби деңгейінің төмендігінің салдары... Шенеуніктердің адалдығына деген сұраныс әлі де өзекті мәселе», – деп атап өтті Қ. Тоқаев. Меніңше, бұл баға жекеменшік медицинаны «санат ретінде» жою туралы кей жерлерде айтылатын үндеулерді біршама басып тастайды. Миллиардтаған заңбұзушылыққа қатысы барлар жасаған ісі үшін жауап беруі тиіс. Алайда мұндай ұрлықтар қор басшылығында миллиардтарды тікелей басқарғандардың үйлестіруінсіз мүмкін емес. Ал бір топ жемқордың әрекеті бүгінгі таңда денсаулық сақтау жүйесінде маңызды рөл атқарып отырған көптеген жекеменшік клиникалардың маңызын күмән көлеңкесін түсірмеуі тиіс емес.

Сондай-ақ Президент Қ. Тоқаев МӘМС қорының жұмысындағы мәселелерге бұған дейін де – 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында және 2024 жылғы 7 ақпанда өткен Үкімет отырысында — назар аударғанын еске сала кетейік. Ол кезде Мемлекет басшысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің тиімсіз жұмысын сынға алып, «сақтандыру моделі дегеннің өзі жоқ» екенін атап өткен болатын. Осыған байланысты 2024 жылғы 13 және 27 наурызда «Ақ жол» фракциясы дәл жеке клиникалардың бастамасымен Қор жұмысына ашықтық пен нарықтық қағидаттарды енгізу жөнінде нақты ұсыныстарды қамтыған депутаттық сауалдар жолдады (https://t.me/peruash/11027, https://t.me/peruash/11109). Алайда нәтижесінде Денсаулық сақтау министрлігі қалыптасқан тәсілдерді қайта қараудан бас тартты. Неге екенін енді болжап білуге болатын сияқты.

Қасым-Жомарт Кемелұлының жеке кәсіпкерлікке айрықша көңіл бөлетінін көрсеткен тағы бір жарқын мысал — Құрылтайда экономиканы және бизнесті жаңа салықтық ережелер режиміне көшіру мәселесіне қатысты айтқан пікірі болды. «Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар біркелкі, даусыз «фискалдық транзитті» қамтамасыз етуге міндетті. Жаңа Салық кодексін қолдануға қатысты барлық орынды, сындарлы ұсыныстарды мұқият зерделеу қажет және қажет болған жағдайда түзетулер енгізілуі тиіс. Ақыр соңында, Салық кодексі — қасиетті жазба емес», — деді Президент.

«Ақ жол» демпартиясы Парламенттегі жұмысы барысында Салық реформасына қандай маңыз беретінін түсіндірудің өзі артық болар. Жаңа Кодекс қабылданғаннан кейін де біз Үкіметке өтініштер мен депутаттық сауалдар жолдауды жалғастырып келеміз. Салық реформасына қатысты «бұл мәселе бойынша пікірталастар орынды» екенін, ал «Үкіметтің тапсырманы қалай орындағанын биыл көретін боламыз» деп атап өткен Мемлекет басшысының «Turkistan» газетіне берген сұхбатынан кейін де «Ақ жол» фракциясының депутаттары жаңа салық саясатының енгізілуін қадағалауды жалғастырып отыр және қандай да бір теңгерімсіздіктер байқалған жағдайда, оларды қайта қарау жөнінде бастама көтеретін боламыз(мысалы, мына посттар: 5 қаңтар https://t.me/peruash/14759; 8 қаңтар https://t.me/peruash/14778; 14 қаңтар https://t.me/peruash/14856; 15 қаңтар https://digitalbusiness.kz/2026-01-15/azat-peruashev-rasskazal-o-roste-tsen-mobilnih-perevodah-i-zakritii-biznesov-s-nachala-2026-goda/; 17 қаңтар https://t.me/peruash/14887 және тб.).

Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлының біркелкі фискалдық транзитті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасы мыңдаған, тіпті ондаған мың кәсіпкерлерге еркін тыныс алуға мүмкіндік береді деп сенеміз. Бұл — Президенттің олардың жағында, яғни мемлекеттен ештеңе сұрамай, өз ісін дамытып, өзгелерге жұмыс беріп, мемлекетке салық төлеп отырған азаматтардың жағында екенінің аса маңызды әрі қажетті сигналы.

Өз кезегінде, «Ақ жол» фракциясы Кодексті шамадан тыс фискалдық және әкімшілік қысымнан арылту мақсатында түзетулер енгізу жөнінде ұсыныстар беруді жалғастырады.

Енді, Конституциялық реформа туралы.

Осы тақырыпқа тоқтала келе, Қасым-Жомарт Кемелұлы бірпалаталы Парламенттің атауына қатысты пікір білдіріп, оны «Құрылтай» деп атауды ұсынды. Бір қызығы, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Кариннің төрағалығымен өткен Жұмыс тобының отырыстарында «Ақ жол» демократиялық партиясы дәл осы атауды қазіргі Қазақстан мемлекеттілігінің Қазақ хандығы мен Алтын Ордадан бастау алатын тарихи сабақтастығының тікелей дәлелі ретінде қорғаған болатын.

Ол кезеңдерде ең маңызды шешімдер, соның ішінде хандарды сайлау мен қолбасшыларды тағайындау бүкіл халық өкілдерінің қатысуымен өткен Құрылтайларда қабылданған. Біз мұндай параллельді қазақ мемлекеттілігінің тарихи тамырлары тұрғысынан да, сондай-ақ дала демократиясы аталатын ұлттық бірегейлікті құрметтеу тұрғысынан да маңызды деп санаймыз.

Ұсынылып отырған депутаттар санының (145) өзі де қисынды. Біздің ұсынысымыз екі палатаның депутаттар санын біріктіруден (148) шыққан болатын, ал Президент ұсынған нұсқа қоғамдық мүдделердің кең ауқымды өкілдіктерін сақтай отырып, сәл ғана қысқартуды көздейді. Дәл осыны вице-спикерлер мен комитеттерге қатысты да айтуға болады.

Парламент өкілеттіктерінің сөзсіз күшеюі ретінде бірқатар негізгі мемлекеттік органдар мүшелерін тағайындаудың тек депутаттардың келісімімен жүзеге асырылуы ұсынылып отырған форматты қарастыруға болады.

Депутаттардың өзін сайлау мәселесінде Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл үдерісті толықтай бәсекелі сайлаулардың нәтижесіне жүктеуді, президенттік квотадан, соның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасынан бас тартуды қажет деп санайды. Сонымен қатар, ол әлеуметтік

әділеттілік қағидатын негізге ала отырып, ерекше қажеттіліктері бар азаматтар, әйелдер мен жастар үшін квотаны сақтауды талап етеді. Осы арқылы Қ. Тоқаевтың адал бәсекелестік пен инклюзивтілік талаптарына берік екені тағы бір мәрте көрініс табады. Экономика саласында ол мұны «Turkistan» газетіне берген жаңа жылдық сұхбатында өте түсінікті түрде көрсеткен болатын: «Тарифтердің өсуі – әркім тұтынуына қарай төлейтін, ал шын мәнінде көмекке мұқтаж жан ғана қолдау алатын дұрыс әрі әділ экономикаға қарай жасалған ауыр, бірақ қажетті қадам» (https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-zhangyrudyn-zhana-kezenine-kadam-basty-401240).

Құрылтайдағы сөзінде де біз саясаттағы дәл осы ұстанымды көреміз. Экономика мен саясат – бір медальдің екі жағы деп бекер айтылмайды.

Жалпы, дамудағы Мемлекет басшысының қызметін қарастырсақ, оның жоғарыда аталғандай базалық қағидаттарға беріктігін, сондай-ақ бұрын басталған өзгерістердің пісіп-жетілуіне қарай кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқанын байқауға болады. Бұл жолғы сөзінде де ол өз реформаларының түпкі мақсаты – «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде орнықты саяси жүйе қалыптастыру екенін ерекше атап өткені де кездейсоқтық емес.

Сонымен бірге, Президент Қ. Тоқаев билік тармақтарын бөлудің классикалық схемасын жай ғана қайталап қоймай, мемлекеттің билік көзі – халықпен кері байланысын күшейтуді көздейді. Бұл мақсатта жаңа өкілді орган – Халық Кеңесін құру ұсынылып отыр, оның қалыптасуына этномәдени бірлестіктер де, мәслихаттар да, үкіметтік емес ұйымдар да қатысуы тиіс. Бұл бастама өңірлік қоғамдық кеңестердің табысты тәжірибесінен «өніп шыққан» деуге болады, өйткені олар шын мәнінде жергілікті жерлерде мемлекеттік басқарудың толыққанды қатысушысына айналды. Бұдан бөлек, Халық Кеңесі арқылы қоғам мен биліктің өзара іс-қимыл үдерісіне бұрын Сенат атқарып келген ұлттық-мәдени орталықтар мен жергілікті мемлекеттік басқару институттарын тарту мәселесі де шешіледі.

Бұл шешім, бір жағынан, мемлекеттік басқару жүйесін күрделендіреді (өйткені Конституцияда Халық Кеңесінің мәртебесін заң шығару бастамасы құқығы бар жоғары консультативтік орган ретінде бекіту ұсынылып отыр), алайда екінші жағынан – болашақ Парламентті заңдарды кәсіби деңгейде қабылдаудан өзге міндеттерден босатады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы алдын ала атап өткендей, оның жаңашыл бастамалары таза парламенттік реформаның шеңберінен әлдеқайда кең болып шықты. Айрықша мәнге ие бастамалардың бірі – алдыңғы Президент қызметінен кеткен жағдайда, екі ай ішінде Мемлекет басшысының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы норма. Негізінде, Қ.Тоқаев биліктің легитимділігін сайлау арқылы қамтамасыз етуге деген ұстанымын 2019 жылы өз үлгісімен дәлелдеген еді. Сондықтан оның Қазақстанның болашақ басшыларына қойып отырған бұл талабы әрі құқықтық, әрі моральдық тұрғыдан толық негізделген деп есептеймін.

Тағы бір резонанс тудырған ұсыныс – Республика Вице-президенті институтын құру және оны Конституцияда бекіту туралы бастама болды. Оның міндеттеріне Қазақстанды халықаралық келіссөздерде таныстырумен қатар, Президенттің Парламенттегі мүддесін білдіру де кірмек.

Алайда бірпалаталы Парламент өкілеттіктерінің күшеюін ескерсек, Вице-президенттің функционалы бұдан да кең болуы мүмкін деп ойлаймын. Мұны Мемлекет басшысының өзі де меңзеді: «Бұл лауазымды енгізу мемлекетті басқару үдерісін тұрақтандырады». Бәлкім, бұл шешім тұрақтандыру құралы ретінде 2022 жылы қабылданған Президентті бір реттік жеті жылдық мерзімге сайлау нормасынан туындаған болар, өйткені ол ұзақ мерзімді кезеңде белгілі бір белгісіздікті меңзейтін еді. Қалай болғанда да, 2022 жылғы конституциялық реформа мен қазіргі бастамалардың өзара байланысы бар екенін Президенттің өзі де атап өтті. Қалай десек те, Вице-президент лауазымын енгізу мемлекеттік саясаттың сабақтастығын қамтамасыз етуге ықпал етуі мүмкін.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлының Конституцияның преамбуласында мызғымас ұғымдар ретінде ұлттық құндылықтарымызды, өркениетіміздің терең тамырларын және қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің Ұлы Даладағы ұлы мемлекеттермен сабақтастығын нақты айқындап жазу бастамасын да; сондай-ақ Әділетті Қазақстан мен құқықтық мемлекет құру қағидаттарын, қоршаған ортаны қорғау және еліміздің зайырлы сипаты туралы ережелерді бекітуді де принципті деп санаймын.

Осы бастамалардың барлығы қоғам мен сайлаушылар тарапынан қолдау табады деп ойлаймын. Өз тарапынан «Ақ жол» демократиялық партиясы оларды түсіндіру мен кеңінен насихаттауға ең белсенді түрде қатысатын болады.

Әрине, мұндай терең реформа бір ғана Конституциямен шектелмейді, ол өзге де заңдар мен заңнамалық актілерге тиісті өзгерістер енгізуді талап етеді. Ең алдымен – Парламент пен Үкімет арасындағы тепе-теңдікті қайта баптауды, депутаттардың бақылау функцияларын күшейтуді және басқа да мәселелерді көздейді. Бұл мәселелер «Парламент және депутаттардың мәртебесі туралы», «Үкімет туралы», «Сайлау туралы» конституциялық заңдармен, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңмен және басқа да нормативтік актілермен реттеледі әрі заңнаманы Конституцияның жаңа редакциясына сәйкестендіру барысында қаралуы мүмкін.

«Ақ жол» фракциясының бұл бағыттар бойынша да әзірлемелері бар, оларды Қ. Тоқаевтың «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын іске асыру аясындағы алдағы пікірталастар барысында ұсынуды жоспарлап отырмыз.

Алда атқарар жұмыс көп. Осы өзгерістер жолында баршамызға және елімізге табыс тілеймін.

**Қазақстанда вице-президент лауазымы пайда болады. Мұндай ұсынысты Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың V отырысында жасады.**

**Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, вице-президентті Парламенттің қарапайым басым дауысының келісімімен Президент тағайындайды.**

**– Вице-президенттің өкілеттік аясын Мемлекет басшысының өзі айқындайды. Вице-президент Президенттің тапсырмасымен халықаралық форумдар мен шет мемлекеттердің делегацияларымен келіссөздерде Қазақстан Республикасының мүддесін, Парламентте Президенттің мүдделерін білдіретіні, отандық және шетелдік қоғамдық-саяси, ғылыми, мәдени-ағартушылық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайтыны, Президенттің өзге де тапсырмаларын орындайтыны көзделеді. Вице-президенттің қызметтік функционалына қатысты осы негізгі ережелерді Конституция мәтінінде де көрсеткен жөн, – деп нақтылай түсті Қасым-Жомарт Тоқаев.**

**Осыған байланысты біз саясаттанушы Руслан Ақмағанбетпен тілдесіп, осы мәселе жөнінде бірқатар сұрақтар қойған едік.**



**Руслан АҚМАҒАНБЕТ, саясаттанушы:**

# ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ ИСТИТУТЫ ӘЛЕМДІК ПРАКТИКАДА БАР

## САЯСАТТАНУШЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ КІМ БОЛУЫ МҮМКІН ЕКЕНДІГІН АЙТТЫ

**– Құрылтайда Президент еліміздің Вице-президенті лауазымы енгізілетінін айтты. Оның қызметі Конституцияда белгіленбек. Халықаралық тәжірибеде вице-президент институты қаншалықты дамыған?**

– Вице-президент иституты әлемдік практикада бар нәрсе. Оның классикалық нұсқасы АҚШ дейміз. Ондағы



ерекшелік Президентпен бірге жалпы сайлауға түседі. Өз алдына дербестігі сақталған. Бауырлас Әзірбайжан мемлекетінде де бар. Онда АҚШ-қа ұқсамайды. Президенттің тағайындауы арқылы жүреді.

Жалпы Вице-президент институты жеке тарихымызда болған. Қазақстанның алғашқы Вице-президенті Ерік Асанбаев болғанын тарихтан білеміз. 1995 жылғы жаңа конституциямызға сай ол институттан бас тарттық.

Әлемдегі Вице-президент институтты төтенше мәселелерді алдын алу ретінде құрылған. АҚШ тарихынан алсақ кейбір оқыс оқиғаларда Вице-президент ізбасар ретінде қалып отырғанын білеміз.

Ал енді Қазақстан жағдайында Вице-президент дәл АҚШ еліндегідей ізбасар институтына қарағанда. Ішкі мәселелермен көбірек айналысатын өзіндік ерекшелігі бар институтқа айналатын сияқты.

**– Оның Қазақстанның дамуына, билік тармақтарының тепе-теңдігі принципіне әсері қандай болмақ?**

– Билік тармақтары бойынша қазіргі конституция бойынша Президенттен кейін Сенат Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы, Премьер-министр сияқты кезектелік бар еді. Бұл жағдайда алдағы уақытта конституциялық бестікте мынадай болуы мүмкін. Президенттен кейін Вице-президент, Құрылтай Төрағасы, Премьер-министр деп келетін болады. Сәйкесінше конституциялық төрттік болады. Оған себеп, Сенат пен Мемлекеттік Кеңесші институттары тарих қойнауына кетеді. Тарих оралады дегендей Вице-президент пен Құрылтай институттары тарих қойнауынан оралуда.

**– Ең бастысы, Қазақстанның болашақ Вице-президенті кім, қандай саяси лауазым иесі, не жоғары билік өкілі болуы мүмкін деп ойлайсыз?**

– Вице-президент институты бізде АҚШ-қа қарағанда әлде қайда жүйеленген институт ретінде конституцияда нақты жұмыстары айқындалады деп ойлаймын. Мысалы, қазіргі уақытта Мемлекеттік Кеңесшінің барлық өкілеттіктері Вице-президент институтына өтеді. Одан бөлек мысалы кейбір жағдайларда сырт іс сапарларға Президент орнына Премьер-министр барушы еді. Бұл жағдайда ендігі уақытта Вице-президент баратын болады. Ол мүмкін болмаған жағдайда ғана Премьер-министр баратын болады. Мүмкін кейбір жағдайларды ішкі мәселелер бойынша Президенттің орнына кейбір жиындарды оның рұқсатымен Вице-президент өткізу мүмкіндіктерін ала алу ықтималды күтіледі. Мысалы, кейде өңірлерді Вице-президент Президенттің рұқсатымен оның орнына сапарлап баруы мүмкін.

**– Президент Вице-президент қызметіне қандай өкілеттіктер кіретінін атап өтті ғой. Сол параметрлерге бойынша қазіргі жоғары билік эшалонынан кім сай келуі мүмкін?**

– Вице-президент институтына кім болуы мүмкін деген сұрақ қазіргі таңда маңызды. Алайда алдағы уақытта Вице-президент лауазымына ішкі саясаттан хабары бар адам келеді деп үміттенемін. Мұның өзіде нақтылы өлшем деп алмаймыз. Олда қалыптасқан жағдайға байланысты. Мысалы, еліміз үшін сыртқы саяси жағдай маңызды болса, Вице-президент лауазымына жағдайға байланысты басқа да адаммен ауыстырылып отыруы мүмкін.

**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ,**
*«Қазақ үні»*




# БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Бүгін Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы аясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашевты I дәрежелі «Барыс» орденімен салтанатты түрде марапаттады.

Аталған марапаттың ең жоғары дәрежесін иеленген Азат Перуашев енді «Барыс» орденінің толық кавалері атанды.



# ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ ЖАҢА ЗАУЫТ ЦЕХТАРЫН АРАЛАДЫ

**«Ақ жолдың» Мәжіліс депутаты Серік Ерубаев Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен келді. Сапары барысында Жаңаөзен қаласында «Каскор-Машзавод» ЖШС-нің жаңа зауытын аралады.**

Жұмыс барысында Мәжіліс депутаты Серік Ерубаев Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясының 2025 жылы атқарған жұмыстарының негізгі бағыттары мен қабылданған заң жобалары жөнінде ақпарат берді және ел дамуына бағытталған бастамалар туралы да айтты.

Шараға «Ақ жол» партиясының Маңғыстау облыстық филиалы төрағасы Батыржан Қорғанбаев, «Ақ жолдың» барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары Ербол Айтуов, Амангелді Өтешов, Ерлан Сәбиев, сондай-ақ, партияның белсенді өкілдері Ғазиза Тажибаева, Бақытжан Жұмағалиұлы қатысты.

Зауыт Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өнеркәсіптік негізді нығайту және экономиканы әртараптандыру жөніндегі тапсырмаларына сәйкес, өңдеу саласын дамыту, сондай-ақ, Жаңаөзен қаласының экономикалық әлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті тұрғындарды тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

– «Кәсіпорын жылына 540 мың дана сорғы штангасын, 51 мың тонна сорғы-компрессорлық құбырларды және футеровкалы сорғы-компрессорлық құбырларды өндіруге қауқарлы. Өндірісте 250 жұмыс орны жұмыс істеп тұр. Сонымен бірге, еліміздің мұнай-газ саласы үшін маңызды өнім өндіретін отандық кәсіпорынға айналу», – дейді зауыт басшысы Ербол Айтуов.

Кездесу соңында Мәжіліс депутаты Серік Ерубаев зауыт қызметкерлерінің ұсыныс-пікірлерін тыңдап, сұрақтарына жауап берді.

# «TRUCK CENTER» ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары Дания Еспаева автомобильдік арнайы техника өндірісімен айналысатын «TRUCK CENTER» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік алаңына барды.**



Кәсіпорын авариялық-жөндеу шеберханаларын (JAC шассиінде), КАМАЗ шассиіндегі біріктірілген жол машиналарын, вакуумдық машиналарды, болоновоздарды, қоқыс тасымалдайтын және өзге де арнайы мақсаттағы техникаларды шығарады. Өндіріс компанияның өз алаңында тапсырыс берушілердің талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. Өнімдер индустриялық сертификаттармен және сәйкестік сертификаттарымен расталған.

Автокөліктерге арналған өзге де жабдықтар өндірісін ұйымдастыру мақсатындағы өндірістік цех құрылысы жобасы «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қорының қаржылай қолдауымен, пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау тетігі арқылы, серіктес банк – «ForteBank» АҚ-ның қатысуымен іске асырылуда.

Кездесу барысында кәсіпорын басшылығы Дания Еспаеваға арнайы техника өндірушілеріне қатысты нормативтік талаптарға байланысты бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізудің жаңа қағидаларына байланысты, арнайы автомобиль техникасын шығаратын қолданыстағы кәсіпорындардың өнеркәсіптік жинақтау туралы келісімнің болмауына байланысты Тізілімнен шығарылу қаупі, өтпелі кезеңдердің қарастырылмауы, сондай-ақ бұрын расталған мәртебеден айырылу тәуекелдері айтылды.

Сонымен қатар, арнайы техниканың сәйкестігін растау тетіктерін қайта қарау, шағын сериялы өндіріс үшін баламалы шешімдері қолдану және жұмыс орындарының қысқаруына, өндірістің тоқтауына жол бермеу мәселелері көтерілді.

Дания Еспаева көтерілген мәселелерді жан-жақты зерделеудің және оларды отандық өнеркәсіпті дамыту мен кәсіпкерлікті қолдау тұрғысынан жүйелі түрде қарастырудың маңыздылығын атап өтті.

# ДЕПУТАТТАР ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫН АРАЛАДЫ

**«Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев бастаған делегация мүшелері Жезқазғандағы өндіріс орындарын аралады.**

Мыс балқыту зауытына барған олар жұмысшылармен жүздесіп, өнеркәсіптегі тың технологиялармен танысты. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, адам капиталын арттыру жұмыстарының жай-жапсарын бағамдады. Кәсіпорын директоры Саят Атен саланың даму үрдістері және алдағы жұмыс жоспарлары туралы баяндады.

Азат Перуашев, «Ақ Жол» демократиялық партиясының төрағасы:

- Іс-сапар барысында бірнеше осы Жезқазғандағы кәсіпкерлерді аралап жүрміз. Өндіріспен істейтін, техникалық заттар шығаратын кәсіпкерлермен кездестік. Негізгі мақсатымыз – елімізде, экономикамызда болып жатқан өзгерістермен танысу. Біз енді парламентте экономикаға бірнеше маңызды өзгерістерді талқыладық, заңдарды қабылдадық. Сол заңдардың экономикамызға әсері қандай екенін нәтижелі бола ма, жоқ па, кемшілік болса, кемшілік қандай? Танысып жүрміз және де әрі қарай болашақ біздің заң шығарушы жұмысымызға тиісті ақпарат алып отырмыз.





# ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ СЫР ӨҢІРІНДЕГІ СПОРТТЫҚ КЕШЕН ЖҰМЫСЫН КӨРІП ҚАЙТТЫ

**«Ақ жол» партиясының ҚР Парламенті Мәжілісіндегі депутаты, қоғам қайраткері, ақын Иса Қазыбек Жарылқасынұлы мен белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Ислам Әбіш Сыр өңіріне іс-сапары жалғасып, Қызылорда қаласының сол жағалауында жаңадан бой көтерген «Қайсар Арена» стадионына барды.**

«Қайсар Арена» Қызылорда қаласының сол жағалауында орналасқан сыйымдылығы 11 мың адамға арналған футбол стадионы. Құрылыс-жобасының құны 26,5 млрд. теңге.

«Қайсар» клубы өз алаңындағы ойындарын өткізеді. УЕФА-ның IV категориясына сай салынған.

Стадионның құрылысы 2023 жылы басталып, 2025 жылдың күзінде пайдалануға берілді.

2025 жылғы Қазақстан кубогының финалы 4-қазан күні осы стадионда өтіп, «Тобыл» және «Ордабасы» клубтары күш сынасты. Бұл стадион тарихындағы тұңғыш ресми ойын саналды.

Стадионда олимпиаданың 7 ойын түрлерінен залдар бар, УЕФА талабына сай келетін жаңа жасыл алаңы заманауи жабынмен қапталған және заманауи жарықтандыру жүйелері орнатылған.

Келесі нысан – заманауи үлгіде бой көтеріп, пайдалануға берілген 300 орындық «Оқушылар сарайымен» танысты.

Көп функционалды кешенде технооорталық, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары бар. Сонымен қатар жеткіншектер экологиялық зертхана, жылыжай, телестудия және шығармашылық үйірмелерінде білімдерін жетілдіру үстінде.

Одан соң үстел теннисі орталығына барды.

Орталықта 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, 350 көрерменге арналған орындар, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар.

Заманауи үлгіде салынған облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен танысты. Мұражайда 250 мыңнан астам экспонатты сақтауға мүмкіндік бар. Ата-бабамыздан мирас болып қалған ұлттық құндылықтарымызбен бірге тарихи жәдігерлердіерекше форматта ұсынатын сандық-мультимедиалық технологиялармен жабдықталған. Бұл Қызылорда қаласының еліміздің Астанасы болғанына 100 жыл және облыстық музейдің 85 жылдығына арналған тарту болды.

Одан соң Инклюзивті спорт орталығы жұмысымен танысып, спортшылармен кездесті.

Келесі нысан – «Қорқыт Ата» жаңа жолаушылар терминалы.

Терминал «Болат Өтемұратов қоры» Жеке қорының демеушілігімен салынды. Жаңартылған «Қорқыт Ата» терминалы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

*«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі*

**Біздің қоғамдағы бәрімізді алаңдататын негізгі мәселе – халықтың әлеуметтік жағдайы.**
**Бұл жайт әлемдегі қай заманда болсын барша адамзаттың тіршілігіне тән екені белгілі. Өйткені адамдардың өмір сүруінің негізі – тамақтану мен өзінің күнделікті тұрмыстық қажеттілігін шешуіне тікелей байланысты. Халықтың «Ораза, намаз – тоқтықта, аш болсаң сөлден қалар боқтықта» деген мақалында адамдардың өмір сүру болмысының философиялық қағидасының ақиқаты жатыр.**
**Өкініштісі, біздің елдегі мемлекеттің саясатын қалыптастыратын саяси элита осы ұғымды ескере бермейтін сияқты. Еліміздің экономикалық дамуының негізгі мақсаты өз халқының кедейшіліктен құтылып, ауқатты өмір сүруіне жер қойнауы байлығы мен басқа да мүмкіншіліктерді толық пайдалануында болуын іске асыру.**

# ҚАЗАҚ ЖАЛҚАУ МА?



Біздің еліміздегі қалыптасып отырған жағдайларға терең үңілетін болсақ ел экономикасы өз халқы үшін емес, керісінше әлемдегі халықаралық алпауыт елдердің қалыптастырған саяси-экономикалық даму жүйесіне тез арада тереңдей кіру, соның жолында халықтың мүддесінен гөрі саяси элита мен мемлекет атына имидж жинау қымбат сияқты болып көрінеді. Яғни, қоғамның табиғи даму заңдылығы ескерілмей әсірелікке (авантюра) жол берілу көрінісі белең алғанға ұқсайды. Және де осы жағдайлардың болуын дүниежүзілік либералдық капитализмнің нарықтық экономикасы мен жаһандану (интеграция) үдерісінің заңдылығына байланысты деген ұғымды халықтың бойына сіңіріп келеді. Осының салдарынан еліміздегі кедейшілік кемудің орнына қаржылық дағдарыс пен дайындықсыз кедендік одаққа кіруден туындаған қымбатшылық зардабынан асқынбаса, азаймайтын түрі бар.

Кедейшіліктің зардабын шегетіндер, негізінен, мемлекет құрушы республика халқының көлемінің үштен екісін құрап отырған өзіміздің қазақ. Ресми деректердің өзі де кедейшіліктің ошағы ауыл екенін растайды. Оған елімізде дау туғызбайтын сонау кеңес дәуірінен қалыптасқан үйсіз-күйсіз қала қазақтары мен кейінде ауылда табыс көзінің тапшылығынан қалаларда шоғырланып, тұрағы жоқтық пен жұмыссыздықтан маргиналға айналған ауыл жұртшылығын қосу қажет.

Кедейшілікті ұлғайтатын факторлардың бірі – жұмыссыздық мәселесі өз шешімін табудың орнына жылдан-жылға түйіққа тірелгендей күмән билейді. Ең жаманы – бертінде осы мәселені ушықтырмай түбегейлі шешудің орнына біздің қоғамда қазақтардың кедей болуы олардың табиғатынан жалқау болуына байланысты деген ұғымды қалыптастыруға бейімделе бастады. Және осы ұғымды ел арасына таратып отырғандар ел билігіндегі көрінекті азаматтардан бастап, кейбір қоғам қайраткерлері, ғалымсымақтар, тағы басқа да оқығандардың болатыны өкініштіақ. Сонда қалай, бұл – қазақты еліміздегі онсыз да мүддесін, не тілін, не мәдениетін, не құқын мойындағысы келмейтін кейбір диаспораның әпербақан тәкаппарларына жығып беру ме? Әлде, «мықты көршілерге» қазағымыз осындай, сіздерсіз бізде келешек жоқ деп мойын ұсынғанымыз ба?

Біздіңше, ұлттың зиялы азаматтары бұны қазақтың арын, намысын таптау және жастардың жігеріне құм құю деп ұғады және барша көпшілікке топырақ шашып «қазақ жалқау» дегенмен мүлде келісе алмайды. Ал, өткен аптада қазақ телеарнасында (көбіміз жақсы көретін арнаның атын әдейі атамадым) ұйымдастырылған екі пікір сайыстағы болған әңгіме көңілге көлеңке түсіріп, ашу-ыза туғызды.

Бірінде, шақырумен келген екі жастың пікірін тыңдап, қоғамның ішіндегі жағдайды ұғудың орнына оларға жұмыссыз болсандар неге жоғары білім туралы диплом алып, жұмыс таба алмай қаңырғанша слесарь, дәнекерші, шаштараз, т., б. жұмысшы мамандығын қайта алмағансыңдар деп ауыз аштырмаған танымал саясаткер, ғалым, колледж директоры, кәсіпкерледі көргенде жаға ұстадық. Олар сендер жалқаусыңдар дегенге дейін барды. Сайыстың тапсырмамен ұйымдастырылған деуге, жүргізушінің шақырған жас қонақтардың пікірін есту арқылы жұмыссыздық мәселсінің кейбір сырларын ашудың орнына, оларға өз пікірін тықпалап, мәдениетсіздік пен дөрекілік көрсетіп, «етікші – сорлы мамандық», қазіргі жастар жалқау дегені қатты таңдандырды.

Осы пікір сайыстарына қатынасушылардың – ауыл жастары неге жоғары білім алуға құмар, одан да ауылда қалып тракторшы, автокөлік жөндеуші, электр және газбен дәнекерші жұмысшы мамандығын оқып ауылында жұмыс істемей қалаға жүгіруі жалқаулық дегендері тіпті шектен шыққандықты көрсетіп отырды. Олардың қазіргі ауылдың жағдайында бір ауылға бір медицина маманы мен аздаған мұғалімдерден басқа жұмыс табатын орынның жоқтығын, ауылдық әкімшіліктегілерді аудан тағайындайынын білмейтіндері таңдандырды. Осы «зиялылардың» тұжырымдары: қазақ – жалқау, сондықтан ауыл жастары болсын, қаланың қарапайымдары болсын өз әлін біліп жұмысшы мамандығына ғана барғаны жөн, сонда ғана ешкім жұмыссыздықтың тауқыметін тартпайды дегенге келеді.

Сонда бұл қара халықтан шығып жоғары білім алған «жалқаулар» қайда ұмтыласындар, өз орындарыңды біліңдер деген сөз бе? Әлде министрдің, депутаттың, әкімнің, басқа да шенеуніктер мен оларға жақын тұрғандардың балаларының орнына таласуларың орынсыз дегенді ұғындыру ма? Министрдің баласы – министр, дөкейдің баласы дөкей болады, ал қарапайым қазақтың ұрпағы әкелері мал бақса, көше сыпырса сол кәсіпті ары жалғастыра берсін дегенді меңзей ме?

Біздің елде, соңғы жиырмаотыз жыл ішінде биліктегі мен басқа да лауазымдылардың балаларының жоғары оқу орнын бітірген соң жұмыс таба алмай сенделіп, аяғы жұмысшы мамандығын таңдаудың арқасында еңбек жолын бастады деп мысал келтіретін тірі жан бар ма екен?

Мұндай «саясатқа» не деуге болады? Осының түбінде халықты жікке бөлу пиғылы жатқан жоқ па, яғни ел билейтін «жаңа төрелер» мен «жаңа малайларды» (қанаушылар мен қаналушыларды) қалыптастыруды армандау, не болмаса қазіргі саяси элитаның мәңгілік үстемдігін сақтау емес пе деп аңтарылымасқа лаж қалмайды.

Біздіңше, қазақтың кедей болуы олардың жалқаулығынан емес, оның себебі еліміздегі экономикалық дамудағы қателіктердің салдарынан әлеуметтік мәселелердің тиянақты шешілмеуінен туындап отыр. Бұл жерде, жалқау қазақ жұмыссыз жүргеніне өзі кінәлі деп, қоғамдағы орын алған жемқорлық пен «мықтылардың» қол ұшімен жалғасып бірін-бірі сүйреуі сияқты жағымсыз істерді ақтап қалу ниеті болуы ғажап емес.

Кейбір деректер бойынша елімізде тұрып жатқан 16,5 миллион тұрғынның 9,2 миллионы жұмысқа жарамдылар болса, оның 55 пайыздан астамы өндіріс, ауылшаруашылық, көліктік тасымалдау мен құрылыс салаларында еңбек ететін көрінеді, яғни бұл салалардың еңбек қорының (ресурсының) 75 пайызын құрайды екен. Қалғандары халыққа қызмет ету салалары білім беру, сауда, денсаулық сақтау және басқару орындарында еңбек етеді. Осы көрсеткіштерді тереңірек сараптайтын болсақ, сол салаларда жұмыс істеп жүргендердің бәрі жыл бойына үздіксіз еңбек етіп тұрақты табыс таба ма деген сұрақ туындайды. Өйткені, әр жылдық мерзім ішінде осы салаларда туындаған қиыншылықтарға байланысты жұмыстан шығарылмай, бірақ еңбекақысыз ұзақ мерзімге демалысқа жіберілгендер, қысқартылған жұмыс сағаттарына байланысты толық еңбекақы төленбейтін және жұмыс жоғалтып басқа жұмысқа туру кездерінде айлап табыс таппау адамдардың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне себепкер болады. Осы жағдайлар мемлекеттің әлеуметтік қорғау шараларынан тыс қалған, яғни адамдарды кедейшіліктен қорғау механизмі жетілмегенінен пайда болып отыр.

Сонау 2011 жылдың қортындысы бойынша елдегі жұмыссыздықтың көрсеткіші – 5,4%, ал бертініректегі есеп – 5,2% болып, жұмыссыздардың саны 487,6 мыңға жетіпті. Бұл да дамыған шет елдердің көрсеткіштерінен әлдеқайда төмен болғандықтан, біталай күмән тудырады. Яғни, көзбояушылық. Осындай көрсеткіштер халықтың әлеуметтік жағдайларының айнасы бола алама? Өндіріс өнімдерін шығару, ауылшаруашылық өнімдерін қалдықсыз өңдеу, тамақ өнеркәсібі мен жеңіл өнеркәсіптері дамыту мен орташа және шағын бизнестің жұмыс істеуіне қолайлы мүмкіншілік жасалмағандықтан, елімізде өз халқының қажетін толық өтейтіндей бірдебір тұтыну тауарын өндірмей отырғанда, жұмыссыздық деңгейінің төмен болуы қалай деген сұрақтың туу қисынды. Оған жауапты мемлекеттік статистика қызметінің сол 2011 жылғы жұмыссыздықтың 5,4% төмендеуіне байланысты: «... Бүгінгі күні еңбек нарығы өз қалпына қайта келіп, еліміздегі тұрғындардың жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі 1993 жылғы 6% төмен болған жақсы көрсеткішіне таядық» деген, өте «қызық» мәліметі жауап беретін сияқты. Ал осы жағдай қазір қаншалықты өзгерді?!.

Ойланатын жайт, 1993 жылы еліміздің экономикасы тұралап, өндіріс орындарының бұрынғы кеңес өкіметінің ыдырауына байланысты барлық шаруашылық байланыстары үзіліп, барша халық қайда барып күн көрерін білмей жүрген кездегі көрсеткіштердің ақиқатқа қаншалықты жақын болатынына кім кепілдік береді. Осыдан туатын ой – «біздің елде әлеуметтік мәселелерге байланысты экономикалық стратегия жасаған кездерде көрсеткіштердің есебін (расчет) жасағанда оларға ғылыми негізделген дұрыс критерий таппағандықтан методикалық қателіктер жіберіп отыр ма?» деген сұрақ туындайды.

Тағы бір естен шығармайтын нәрсе – жұмыссыздарға тағайындалатын жәрдемақы. Оны алу үшін арнайы орындарда бекітілген ереже бойынша тіркелумен қатар, сол орынның ұсынған қызметіне бару және қайта жұмысшы мамандығын алу қажет. Жоғары білімі бар жастар болсын, орта жастағы адамдар болсын оған бара қоюы неғайбіл. Бұл да ескерілмей келе жатқан жағдай.

Жұмыссыздық көрсеткіш деңгейінің ақиқаттан алшақ болуына көп ықпал ететін «еңбекпен өзін өзі қамту» деген қате ұғым қалыптасқан. Осы ұғымның ғылыми негізделген критерийі заңдастырылмаған. Содан да болар, осы көрсеткіш ауылды жер тұрғындарының әлеуметтік мәселелерін шешетін экономикалық стратегия жасауына көп зиян әкеледі.

Өйткені, өзін өзі еңбекпен қамтитын адамдардың 71,2% ауылды жерлердің тұрғындары болса, осы деңгейге жататындар жұмыспен қамтамасыз етілгендер деген көрсеткіштің үштен бірінен астамын құрайды. Соның салдарынан ауыл адамдарының таяу арада кедейшіліктен құтылуына мүмкіншілік жасалмаған.

Қайталап айтайық, әлеуметтік мәселелерді шешуге байланысты экономикалық шараларды жоспарлап, оған сараптама жасап баға берудегі кемшіліктердің қазақтың кедейшілікте өмір сүруіне әкелетін ықпалын анықтаудың орнына қазақ жалқау содан да олар кедей деп айдар тағудың түбінде не жатыр? Біздіңше, қазақтың кедейшілікте өмір сүруі олардың жалқаулығынан емес, оның тамырын мүлде басқа тұстан іздеу қажет.

Әлемдік қоғамдық даму заңдылығы әр мемлекеттің ең негізгі міндеті өз халқының мүддесін, әлеуметтік жағдайын, азаматтық құқықтарын, намысы және қауіпсіздігін қорғау екенін көрсетеді. Олай болса, біздің мемлекет билігінде жүрген саяси элита қазақ халқының намысын көз қарашығындай қорғауды естен шығармауы қажет.

Қазақтың «Өсер елдің баласы бір-бірін батыр дейді, өшер елдің баласы қатын дейді» деген сөзі әркімге мәлім. Ендеше намысымызды ешкімге таптатпайық.

**Болат ДҮЙСЕМБІ,**
**саясаткер-экономист,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

**Бекең, Бекболат Әбірұлы Әдет. Қалам ұстаған қазаққа, басылымнан басын алмайтын оқитын ормандай оқырманға етене таныс, ежелден табыс есім.**
**Қазақ білімінің қара шаңырағы – Қазақ Мемлекеттік Университетінің алпысыншы жылдардағы үздік түлегі Бекең – Бекболат Әдет алғашқы журналистік қызметін қазақ даласының қақ ортасында жатқан, ақжарма ақын Ғафу Қайырбеков: «Қаққан алғаш дабылды, қыр елінің ұланы, Торғай деген кәдімгі, Қазақтың Ленинграды» жазғандай, Амангелдінің атой салған, Кейкінің бесатардың құндағын құшақтаған, ақжарма ақындардың аузынан жыр төгіліп, күйдің көкілі мен сырдың өтілі бой-бойыңды қозғаған, жігер оты маздаған байтақта Бекең қаламмен сырласып, сан алуан кейіпкердің сыры мен нұрын тоғыстырған. Құба жонда құбылта сөз ойнатқан.**
**Тілшілік тағдырында Торғай топырағында әнге сөз жазып, ол тек Торғай өңірінің ғана емес, руханияттың белсенді бір мүшесіндей болған кезін Бекең сағынышпен еске алып, алыс жылдарға жанар салып, жанын баураған жайттарды жата-жастана әңгімелуші еді. Қашанда сабырлы ағамыз сол күндерге ойша сапар шеккенде баладай елгезек, ағадай ағеділ болып кететін. Жасынан бойына сіңген білімі мен білігі, ынтасы мен ұғымы осы кезеңде жарқырай көрінгенін сезініп, оның әңгімесін тыңдаған біз, өзіміз де, Торғай даласында жүргендей болып шалқып қалатын едік.**
**Талғардың етегінде кіндігі кесілген балаң жігіттің Ұлттық университеттің журналистика факультетінде алған білімі байтақта бабы мен бағы ашылып, қаламы қарулана түскен-ді.**



# Сөзгер

***Ұлттық журналистикамыздың ұлағатты ұстаздарының бірі, көсемсөздің кеңістігіне мүше байлаған, көркемсөздің керуеніне көше қосқан қаламгер Бекболат Әбірұлы ӘДЕТТІ еске алғанда тілге оралған тіркестер***



**Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,**
**Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты**

Жетпісінші жылдардың ортасында сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінде қызмет атқарған ағаларымыздың бәрі шетінен «сен тұр, мен атайын» болатын. Солардың ортасында Бекболат Әдеттің қаламы қиын да қилы тақырыптарға баруда ерекше көрініп, керуен тартқан көштің алдында кеудесін жел қаққан қара нардай болып көрінетін. Оның болмысы інілеріне ізашар шебердей сезілетін. Газеттің ең басты – үгіт және насихат бөлімін басқарған Бекеңнің сұңғыла саяси сауаты мен сындарлы сөз қашайтын деңгейі оның өз мектебін қалыптастырудағы аршынды қадамы десек, осы сөзге сол кезде онымен қаламдас болған барлық тұрғыластары бір кісідей қол қоятын.

Адамның тағдырында әр түрлі күтпеген жағдайлар болып жатады ғой, сондай сәтте оның ұстамдылығы мен азаматтық келбеті кісілік қалпында көрінетін. Бекеңнің өмірі туғаннан жарқырап жатқан жол еді десек, бұл да біржақты сөз болмақ. Мен Бекеңнің жан дүниесін біршама білетіндіктен, ол бастан кешкен тосын да тағдырлы шақтарды ойға алғанда, сүрініп кетсе де, белін бермеген, сыналып жатса да сабырын жоғалтпаған жан ретінде оған құрметпен қарадым. Алла сыйлаған қалам мен парасат-пайым оны жылдан жылдарға аман-есен алып келе жатты. Бекең егемендікке елшідей қызмет жасаған азамат еді.

«СҚ»-ның қызметкерлері ЦК-ның назарындағы әрі есебіндегі кадр болғандықтан олардың жүріс-тұрысында салмақтылық, сыншылдық, кейде тіпті сырдандық пен сырбаздық секілді мінездер де бой көрсетіп тұратын. Буырыл тарта бастаған шашын салалы саусақтарымен бір қайырып тастап, ағамыз коридормен келе жатқанда көп адам сұсынан ығысып кетердей болатын. Бірақ оның жүзіндегі жылы нұр жаныңды баурап, оны көптен білетін ағадай қабылдап жататынбыз. Қарапайымдылығы жүзінде жүзіп келе жатқан Бекең берген сәлеміңді ықыластана қабылдап, сені бұрыннан көргендей амандасқанда осы кісі мені біледі екен-ау деп қуанып қалушы едік.

Қазақ-кеңес журналистикасы атанған сол бір кезеңде ұлттық басылымның қаламгерлеріне ортақ бір ұстаным, қалыптасқан қағида болатын. Ол – қандай жағдайда да, қай сәттерде де реті келсе ашық, реті келмесе астарлап ұлттық мүддені басты мақсат етіп қою. Қадыр Мырза Әлидің: «Өтірік қостым азырақ, өткізу үшін шындықты» дейтін де осы кезең. Қатал цензураның, қасаң үкімнің, «аса сақ қырағылықтың» дендеп тұрған кезінде ұлт тарихы мен тағдырына қатысты мәселелер әр жүректе лүпіл қағып, қағылез қаламның ұшына оралып жататын. Осынадй кезде де Бекеңнің болмысын барынша байқадық. Мен оның жанында «Социалистік Қазақстан» кезеңінен кейін етене бауыр басып, көп жүргендіктен азаматтық болмысындағы ішкі қайраткерлік рух пен сыртқы тұрақты елшіл азаматтық көзқарасты терең таныдым.

1990 жылдың басында еліміздің тұңғыш жеке ауылшаруашылық басылымы – «Дала дидары» газеті өмірге келді. Ол кезде ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешен деп аталатын. Басшысы белгілі қайраткер азамат, қайсар күрескер Балташ Тұрсымбаев болатын. Осы кісінің алқауымен, қолдауымен жаңа газет жарыққа шығып, ауыл шаруашылығы өміріндегі сартап болып жатқан талай көкейкесті мәселелер тілге тиек етіліп, жария болып жатты. Және онда жарияланған сын мен ұсыныстар басшылық тарапынан дереу қолдау тауып, қаралып, талданып, тиісті шара қолданылып жататын.

Бекеңнің келісімі бойынша осы басылымға жауапты хатшы болып бекідім. Бір қызық жайт, қызметке қабылдар кезінде Бекең маған: «ақындығынды, қаламгерлігінді көптен білемін, сыртыңнан тәуір көріп жүремін» деп алып, бір ғана сауал сұрады. Ол «арақ ішесің бе?» деген қызық та қиын сұрақ еді. Ішпейтінімді, тіпті темекі де тартпайтынымды айттым. Әуелден ішімдік жағына жоқ едім. Бекең ойланып қалды да, «мен арақ ішпейтін адамнан қорқамын» деді күлімсіреп. Жұмыс барысында көрерсіз, оның пайдасы зиянынан көбірек болатын шығар дедім. Ол уәжге тоқтайтын жан еді. Кейін осы сөзді еске алып, Бекең екеуміз күліп отыратын болдық.

Газеттің алғашқы нөмірі шыққанда қатты қуанған Бекең: Асан Қайғының сөзіне бағып: «газет өзі шыққан жоқ, сенің арқаңда осылай шықты» деп ризашылығын айтып, тост көтеріп еді. Бекеңмен газеттің таралымы кезінде, іс-сапарларда, кездесулер мен тойларда талай рет бірге болдым. Бірақ ол қандай жерде болса да «Өтеген арақ ішпейді, ішімдік ішпейтін ақын» деп отыратын. Газет жұмысының қауырт кездерінде барлық мүмкіндік пен билікті, шешімді сәттердің бәрін Бекең маған беріп отырды. Бұған келісе бермейтін жерлес інілерін жекіп, тойтарып тастап отыратын. Сәл кейін, бас редактордың орынбасары болып тағайындалған кезімде Бекең маған туған ағамдай болып сеніп, қолдан келетін, қолдай алатын бар жағдайды жасады. Талай қызықты да қилы сәттерді бірге көрдік. Сенген адамына серті берік еді.

Редакцияға келер жылы автокөлік берілді. Жасыл түсті «Москвич-412» маркалы машина. Жаңа. Жаңаның аты жаңа ғой, осы көлікпен Алматы мен Талдықорғанның, Қапшағай мен Іленің, Нарынқол мен Кегеннің, Ұзынағаш пен Қаскеленнің сан жолдарын шиырлап, газеттің таралу, ұйымдастырылу секілді талай жұмыстарын ретке келтірдік. Екі жылдан соң газеттің атын «Ауыл» деп өзгерттік. Оған Бейімбет Майлиннің: «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» деген ұраніленің тұмар етіп тағып, поэтикалық атаудан гөрі, нақты, прозалық атауға көштік. Мұның да басылымға берген пайдасы мол болды, таралым жақсы өсті, авторлар ауқымы кеңейді, хаттар легі толассыз келіп жатты.

1993 жылдың басында көптеген еңбек ұжымдарына, газет-журналдарға екі жылдық мерзімнен соң редакция автокөлігін жекеменшікке беру жөнінде ереже шықты. Мен іс-сапармен Маңғыстау облысында болып келсем, Бекеңнің көңілі пәс, ашыла сөйлеспей отырды. «Не болды, Беке, жайшылық па?» деп сұрадым. Ол сонда редакциядағы бір жерлес інісінің: «Өтеген жоқта машинаны атымызға аударып алыңыз, өйткені ол да алғысы келуі мүмкін дегесін, жиналыс ашып, осыны талқылағанда жабық дауыс беру керек деген шешім болды да, дауыс беру барысында көбі қарсы болып, көлікті ала алмай қалдым» деді бәсең үнмен. Мәселені түсіндім.

Содан әуелі жасы үлкен Төлен Қаупынбаев ағамды шақырып: «Төке, осы көлікті алғыңыз келе ме?» деп сұрап едім, «жоқ, ондай қаржы менде жоқ» деп ыршып түсті. Онда неге қарсы болдыңыз дегенде, жігіттер солай жасайық деп еді деп күмілжіді. Одан кейін Болат Шубаевты шақырып, осы сөзді айтқанымда, ол да ат-тонын ала қашты. Серік Тұрғынбеков те, Дүкенбай Досжанов ағам да, Алашыбай Есмағамбетов те, Сырымбет Кәрімов те ала алмаймыз деп тайқып шықты. Бәрімен жеке сөйлесіп болғасын, түскайта жиналыс ашып, Бекеңді шақырдым. «Жай ма, не жиналыс?» деп бұдан бейхабар Бекең келіп төрге жайғасты. Жиналысты ашып, күн тәртібінде редакцияның автокөлігін жекеге беру жөнінде екенін және талқылаудан соң дауыс беру ашық болатынын айттым. Ешкім қарсы болмады. Ашық дауыс беру нәтижесінде көлік 100 процент дауыспен Бекеңе тиесілі болып шыға келді. Содан сол кездегі дәстүр

бойынша атап өту дастарханы жайылды.

Газет жақсы шығып жатты. Бір күні сол кездегі ақпарат министрі Қуаныш Сұлтанова болған жиналысқа қатысқан Бекең керемет қуанып келді. Сол жерде министр «Ауыл» газетін қолына ұстап, жоғары көтеріп тұрып: «міне, газет шығаруды «Ауыл» газетінен үйреніңдер, атынан бастап, мекен-жайына дейін оқылатын басылым» деп рахмет айтыпты. Дәстүр бойынша тағы да дастархан жайып, министрдің сөзіне үн қостық. Ол кезде Ауыл шаруашылығы өнеркәсібі кешені төрағасының бірінші орынбасары Ахметжан Есімов еді. Алды кең, жайсаң, қашан барсаң да шаруаңды шешіп беретін арқайын азамат.

Бекеңе ұсыныс айттым. Газетіміз апталық, 22 адамбыз, сәрсенбіге дейін материалдар мен макетті толық дайын қыламыз. Сондықтан жұмыс мерзімін таңертеңгі сағат 10-нан түскі 13-ке дейін жасайық та, түскайта ұжым бос болсын. Кітапханаға барады, кейіпкерлермен кездеседі, үйлерінің жағдайына қарайды, жазуларын үйлерінде жайбаракат отырып жазады, осылай жасасақ ұтылмаймыз деп едім, Бекең: «мен қарсы емеспін, Есімовке барып өзің келіс, негізі құнды ұсыныс екен» деп батасын берді. Есімов күле отырып: «егер жұмысқа жайлы десеңдер, мен қарсы емеспін» деп өтінішімізге қолын қойып берді. Осылайша ел тарихында жалғыз «Ауыл» газеті кейін жабылып қалғанша осы мерзіммен жұмыс жасады. Ұжым қуана қабылдады. Ұжымдағы ахуал берік бола түсті.

Бекең қандай Азамат еді? Ең алдымен, білімді, кісілікті, сабырлы, қамқор, жаны нәзік, ел мен жер жағдайын терең білетін, қоғамдық-саяси ахуалды байыпты түсінетін, ұлттың ұлы қазыналарына атадай абзал, әкедей жанашыр, туған табиғатты ерекше жақсы көретін, флора мен фауна дүниесін жан-жақты білетін, кеңпейіл, кешірімді, халық әндерінің қазынасын меңгерген, қандай ортада болса да байсалды, жағыну мен табынудың кіршең көрінісін бойына жұқтырмаған, биязы болып көрінгенмен өз көзқарасынан айнымайтын, керек кезінде мінезі де ашық көрінетін, бала тәрбиелеудің нәзік ірімдерін меңгерген, тіл майданында Махамбетше мәрт қимыл көрсетіп, сөз сәулесінің сан қырлы бояуын талдай танитын, қатарластары мен достарының қалам сілтесінде мүлт кеткен жерлерін ашып айтып, көңілдеріне қарамай жазып та салатын, екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде еркін, жоғары деңгейде, мазмұнды жаза алатын, аудармашылыққа келгенде алдына қара салмайтын, қиын да түйін тіркестерді аударғанда мәні солғын жазбаның жанын кіргізетін, қабырғалы қаламгерлердің де кінәратын дәл табатын азамат болды. Құнарлы қасиеттің адамы еді.

Сөздің дәмі мен дәйегін, дерегі мен мәйегін, нұры мен сырын, салмағы мен салдарын, құны мен мінін, ұғымы мен ұнамын тап басып танитын, қысқасы зердің зейінін білетін шебердей сөздің сүлейін білетін сөзгер еді. Бір мысал, ақын Олжас Сүлейменов Парижде ЮНЕСКО-ның қазақстандық өкілі болып жүргенде «Егемен Қазақстанға» қоғамдық өмірге қатысты бір мәселеге байланысты бір үлкен азат жолдық пікірін жолдапты. Соны ертеңгі нөмірге беріп жатқан Ержұман Смайыл бастатқан журналистер кебін келтіріп аудара алмай қиналса керек. Редакцияның небір аудармашылары да қолға алып көрген екен сіресқен сөз тіркестері әл бере қоймапты. Уақыт түн болған, газетке қол қойылу керек. Жігіттер абыржыған. Сол кезде жазушы Жұмабай Шаштайұлы: «Бекеңе хабарласайық, әйтпесе әліміз келетін емес» деп рұқсат сұрайды. Сағат түнгі екінің шамасы. Амал жоқ, Бекеңе қоңырау шалады.

«Түннің бір уағында не хабар?» деп телефонды алған Бекең: «Қане, мәтінді оқып шықшы» дейді де, тыңдап болғасын, «жазып алуға дайындығың бар ма?» дейді табан астында. Сол жерде ол әлгі әуреге салып, әл бермей жатқан азат жолды әпсәтте тап-түйінақтай тамылжытып аударып, ал осыған риза болыңдар деп күле қоштасыпты. Кейін осы мәтінді оқыған талай шеберлер жатық болып жарқырап түскен жолдарды оқып, қалай қатырып аударған деп қайран қалған көрінеді. Мұндай сындарлы сәттер Бекең өмірінде талай рет болды, бірталайына қызметтес кезімде өзім де куә болдым. Нөмірге баратын маңызды мақаланың өзін әзілдесіп, әңгімелесіп отырып, әп-сәтте жазып тастап, енді машинкаға бере бер деп жайланып отыратын.

Халқымызда: «сыпайы сырын білдірмес, ақырын ғана бүлк етер» деген сөз бар. Қандай жағдайда да өзін сабырлы ұстайтын Бекең қорыққанын да, қобалжығанын да білдіре бермейтін. Біз Алматыдан шығатын жоғары күре жолмен талай рет Жандосов атындағы кеңшарға, одан берідегі жол бойындағы журналистер саяжайларына жиі барып тұрдық. Ол кезде Алматыға енді келген «Шкода» деген қызыл машина алғанмын. Көлік тізгінінде өзім отырамын, Бекең алдыңғы орында. Шамасы қаттырақ жүріп келе жатсам керек, Бекең: «Табиғатты көріп отырайықшы» дейді. Жай жүр, байқап жүр, асықпай жүр деп еш айтпайды. Бірақ айтарын астарлап, әдемілеп жеткізеді.

Бір күні ойдан ой туып, Жамбыл ауданында сол кезде Покровка деп аталатын жылымдық шаруашылықты редакция атына сатып алу жөнінде қадам бастадық. Жекешелендірудің қауырт жүріп жатқан шағы. Ауыл тұрғындарымен сан рет кездесіп, жиналыстар өткізіп, жағдайлары мәз болмай тұрған ауылды газет атына аударып алып, фермерлік шаруашылық ашудың жай-жапсарын біршама ретке келтірдік. Бекең, редакцияның бас есепшісі Кенжебек Сауытов деген ағамыз үшеуміз барлық есеп-қисабын жасап, ауылмен келісіп, енді заңдық негізде жүзеге асыруға кіріскенде редакциядағы кейбір жігіттерден дау шықты. «Бұл ауылды кейін кім басқарады?» деген мәселе күрделеніп, жақсы басталған бұл мәселе аяқсыз қалды.

Кейін осыған өкінген Бекең: «қап, соларға қарайлаймын деп, болып тұрған нәрседен құр қалғанымыз-ай» деп өкініп жүрді. Мен сол жылы қыс ауа Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланып кеттім. Бекең де басқа жаққа қызмет ауыстырып кетті. Кейін газеттің де жағдайы мәз болмай, қаражаты шешілмей, таралымы нашарлап, тұлғалы жігіттері тарап, министрлік астана ауысуын сылтауратып көңіл бөлмей, ақыры жабылып тынды.

Реті келгенде аздап мақтансақ та болар, «Дала дидары» – «Ауыл» газетінде дүниеге келген талай айдарлар мен арнайы беттердің атаулары кейін «Егемен Қазақстаннан» бастап талай-талай газеттерге барып қоныс тапты. Әлі күнге дейін аман-есен жалғасып, басылымның беделіне бедел қосып жатқаны да баршылық. Бұл әдеби-журналистік ізденістердің нәтижесінде мүмкін болып еді. Осылардың көбінің тұсауын кесіп, рухани ортаға жолдама берген Бекең болатын. Газетте Бекең өзі тұрақты жүргізген «Дауа» деген арнайы бет болды. Осы бетте халықтың денсаулығына керек дәрілік шөптер мен емдердің жүздеген түрі оқырмандарға жол тартты. Оқырмандардан осы орайда алғыс айтқан, ақыл сұраған, пікірлескен хаттар жиі келетін. Және оның бәрін Бекең саралап, салмақтап, жауаптарын жүйелеп нөмірге беріп отырды. Бекеңнің тағы бір қасиеті мен бас редактормын деп беделін салмай, жазғанын алқа мүшелерінің назарына салып, ақылдасып отыратын.

Бекең алпыс, жетпіс жасқа толғанда мен Астанада қызметте едім. Президент Әкімшілігінің жаңа қонысқа барған кезеңінде қызметте қауырт жұмыс болды, жеке бастың уақытына мүмкіндік аз берілетін. Осыған орай оның алпыс жасқа толу тойына қатыса алмай, еңбек демалысы кезінде арнайы келіп құттықтадық. Сонда сәл өкпесін білдірген Бекең: «Алла амандығын берсе, жетпіс жасымда тойды өзің басқарасың» деп тапсырды. Мына қырсықты қараңыз, Бекеңнің жетпіс жасқа толған тойында шет елде іс-сапарда болуға тура келді де, тағы бара алмай қалдым. Және тойды мен басқарады деп Бекең арнайы сценарий жазып қойған екен. Құрдас жеңгем бір тулап басылды.

Бірақ Бекеңнің тойына келе алмасам да, оған арнаған ақжарма тілегімді өлеңге орап жеткізген едім. Оны арнайы қаптамалы қатырмаға салып, көркем өрнектеп, тойдың кіріспесі кезінде, 80 жасын тойлағанда Алматыда өзіне тапсырдым. Сол өлеңімнің жалғасы болған, оны еске алған, өткен шақ пен келер шақты байлаған ескі де жаңа арнауымды енді оның рухына бағыштап, осы жазбаға қостым:

*Бір сөзді білмей қалсаң, Бекеңе бар,*
*Жөн білер, сөз білетін жекеңе бар.*
*Қиын сөз бойын жазып, құлдырандап,*
*Тұлпардай шауып алып кетеді олар.*

*Сөйлемің жұтаң болса, Бекеңе бар,*
*Тап басып танып берер тетеңе бар.*
*Сөйлемің сап құрайды салтанатпен,*
*Бірігіп, кірігумен кетеді олар.*

*Ән сөзі адасқанда, Бекеңе бар,*
*Сөз таныр, әуен таныр көкеңе бар.*
*Туған жоқ тура биде дегендейін,*
*Түзелтіп тыңдаушыны кетеді олар.*

*Мақалдан адасқанда, Бекеңе бар,*
*Ел сөзін еске ұстаған көкеңе бар.*
*Мәйегін мәнді сөздің жіпке тізсе,*
*Мазмұнын мадақ көріп кетеді олар.*

*Қаламмен құда болсаң, Бекеңе бар,*
*Ұрмайтын, ұрыспайтын көкеңе бар.*
*Сабыры салқар көлдей толқып жатқан,*
*Көңілің құс боп ұшып кете барар.*

*...Білері, білігі де бетер еді,*
*Өткен кез көңіл күйін көтереді.*
*Бекеңді көрген кезде мінезі бай,*
*Тауың да қозғалақтап кетер еді.*

*Бекең жоқ. Анау Кеңсай алабында,*
*Төбеден туған елге қарауылда.*
*Енді оның сөйлемдері болашақта,*
*Жазылар жақсы сөздің тарауында.*

Бекеңе: «Алла ғұмыр берсе, 80 жасқа толуыңызда тойды өзім басқарам, Сізге тапсырма: осы жасқа қалайда жетуіңіз керек» деп тапсырманы енді мен берген едім. Аллаға шүкір, Бекең 80 жасқа аман-есен, бақуатты жетті. Астанадан арнайы келіп тойын басқардым. Бекең сонда ағынан жарылып батасын беріп, құшағына алып еді. «Беке, тоқсанды қайтеміз, құдай қуат берсе, мен тойыңызды басқаруға дайынмын» дедім әзілдеп. «Қайдам, тоқсан деген асу берер деймісің, қалжырап қалатын қарияның жасы ғой, аман жетсем, той емес, бір әдемі сырласар сәт болар еді» деп ойлана, сәл мұңая жауап берді.

Амал нешік, Бекең тоқсан жастың төріне шыға алмады. Жеңіс сағаты соққанда ақ желені желбіреп ауылды айналып сүйінші сұраған, сол жылы жеті жасқа шығып, білім сапарының алғашқы баспалдағын басқан, мектепті үздік бітіріп, қаламгерлік тағдырдың тамаша кезеңдерінен аман өткен Бекең «Адамзат сапарының меймандарымыз, бір мезет жер бетіне кетер соғып» деп дүлдүл Қасым жырлағандай, жер бетіндегі меймандық сапарын аяқтап, Кеңсайдың бір беткейінде мәңгілікке дамылдап жатыр. Халқы үшін қалтқысыз қызмет еткен, кісілігін жоғалтпаған, сөз өнерінің сөзгерінен, ұлттық журналистиканың сардарындай болған Бекболат Әдеттің әз есімі оны білген, құрметтеген әрбір жанның жадында ұзақ сақталады. Рухы шат болсын!

СӨЗСЫРҒА

## Ірі жазушы болар еді

*Бекең екеуміздің көркем әдебиеттегі алғашқы шығармаларымыз да қатар шықты. 1977 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген кітаптарымыздың көлемі де (5 баспа табақтан), аттары да (менікі – «Ақ күмбез», аға-достікі – «Алтынай») ұқсас болатын. Оны айтасыз, сыртқы пішімі мен безендірілуі де бірдей екі кітаптың мұқабалары да сары қағазбен қапталған еді. Авторын анықтап оқымаса, былайғы жұрт байқай бермейтін егіздің сыңарындай бұл кітаптардың өзгешелігі ішінде болып шықты. Ол кезде жаңадан көрінген авторларға баға беру үшін міндетті түрде кітаптарын рецензиялайтын дәстүр бар-тұғын. Менікі сыналды, Бекеңдікі мақталды. Дос-ағаның бұл бағытта да өзінен озық тұрғанын амалсыз мойындайды екенсің.*

*Бекең сол бетімен көркем әдебиетпен шындап айналыса бергенде, Құдай біледі, қазір атақты жазушылар қатарында түрлі сыйлықтарға таласып жатар ма еді?!*

*Жоқ, «Бәйшешек» (1979 ж.) және «Жердегі жұлдыздар» (1989 ж.) атты тағы екі жинақ берді де қанағат етті. Күнделікті журналистік қарбалас жұмыс жеке шығармашылықпен шындап айналысуға мүмкіндік бермесі кәдік.*

*Мен осы кітаптарды ыждағатпен түгел оқып шықтым. Талдап баға беру сыншылардың еншісінде десек те, Бекеңнің адамдар тағдырын әртүрлі жағдайда өз кезеңі мен ортасына сай нанымды да шынайы суреттеудегі сұңғылалығына тәнті болғанымызды айта кеткеніміз жөн. Көркем тіл, парасатты ой әр повесі мен әңгімесіне тән. Стилі жағынан Қалихан Ысқақовтың жазғандарына келіңкірейтін сияқты.*

*Балалар мен жасөспірімдерге арнап жазған шығармаларының ішінде мектептің оқу бағдарламаларына кіруге сұранып тұрған тәлімді әңгімелер мен мысалдар да кездеседі. Тек оларды көретін көз керек.*

*Б.Әдетов аудармамен де аз айналысқан жоқ. Өзі айтқандай, саяси әдебиет болсын, қоғамдық, ғылыми, танымдық әдебиет болсын, деректісі бар, дерексізі бар тау төбе. Соның берекелі бір арнасы – көркем аударма. Бекеңнің қазақшалауымен Виталий Коротичтің «Өшпенділік ұсқыны», Мигель Астуриастың «Жүгері адамдар», «Дауыл», «Көрдегілердің көздері», Драго Янчардың «Қашқын», Вальтер Скоттың «Пуритандар» романдары оқырмандарға жол тартты.*

*Аударма демекші, сексенінші жылдары біз Бекең екеуміз құрылысшылар мен жұмысшыларға арналған кірпіштей бір кітапты аударуға алып, қатты қиналғаным бар. Ортасынан қақ бөліп берілген әлгі дүниені мен екі-үш айдай тәржімалап қара терге түстім. Бірақ толық бітіре алмадым. Бекең болса өзіне тиесілі бөлігін диктовка жасап, бір айдың ішінде тап-түйнақтай етті.*

*Баспаға тапсыруға бір-екі аптадай қалғанда Бекең мендегі бөліктің не болып жатқанын сұрады. «Төрт-бес беті қалды» деп едім «е, онда маған әкел бере салсайшы, қағып тастаймын ғой», деді. Құтыла алмай отырған қол-жазбаларымды сол күні-ақ қолына тигіздім.*

*Жазушы*
*Әділ Дүйсенбектің*
*естелігінен*



# КУРУЛТАЙ – КАРДИНАЛЬНАЯ ПЕРЕЗАГРУЗКА ВСЕЙ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ

**Сегодняшний Курултай по-настоящему можно назвать историческим событием, которое войдет золотой строкой в летопись новейшей истории страны.**
**За эти годы Национальный курултай при личном участии Главы государства зарекомендовал себя как центральная платформа, на которой обсуждаются судьбоносные вопросы развития государства.**

Курултай стал пространством открытого и ответственного диалога, возродившим давние традиции нашего народа и одновременно формирующим долгосрочную модель национального строительства. А решение проведения курултаев в разных уголках страны не просто дань исторической памяти, но и возможность для вовлечения всех регионов в общенациональную повестку и укрепление единства граждан.

Важно, что на протяжении всей своей каденции Глава государства первостепенное внимание уделяет именно диалогу со своим народом. Одним из первых его решений на посту Президента стало создание Национального совета общественного доверия, объединившего экспертов и в целом неравнодушных к судьбе своей страны граждан.

Запущенный Главой государства общественный диалог состоялся и постоянно эволюционировал, каждый раз выходя на новый уровень, при этом снижая прежнюю безучастность граждан к будущему страны.

И Касым-Жомарт Кемелевич на пятом завершающем Курултае, высоко оценив сложившийся прямой диалог общества и власти, предложил в будущем поднять его до конституционного уровня. Это стало логическим продолжением курса политических реформ, начатого шесть лет назад и направленного на вовлечение общества в управление страной.

Новый Народный Совет (Қазақстанның Халық Кеңесі), который придет на смену Национальному курултаю и Ассамблее народа Казахстана, вберет в себя и другие важные функции, станет залогом дальнейшей стабильности и спокойствия государства. Более того, многонациональный и поликонфессиональный народ Казахстана получит обновленный и весомый инструмент для самовыражения и защиты своих интересов.

Центральное место в выступлении Президента занял вопрос перехода к однопалатному Парламенту. Создание однопалатного Парламента – судьбоносное, крайне необходимое решение для будущего страны. Это конкретизация политической ответственности, усиление институциональной роли партий, профессионализация законодательного процесса.

Здесь вновь хочется обратить внимание, что такой серьезный вопрос для развития страны был анонсирован заранее и широко обсуждался в течение последних шести месяцев. Свои предложения имели возможность представить не только члены Рабочей группы по парламентской реформе, но и рядовые граждане.

Накануне Глава государства дал высокую оценку проделанной работе, в которой принял участие и депутатский корпус. Важно подчеркнуть неразрывную цепочку преобразований, начатых ещё в 2022 году с конституционной реформы, существенно усилившей полномочия Парламента.

Как сказал Глава государства, наша цель – создать влиятельный законодательный орган совершенно нового характера. Это дальнейшее усиление формулы «Сильный Президент – влиятельный Парламент – подотчетное Правительство». Сейчас в Мажилисе работают 6 фракций. Мы накопили ценный опыт работы в условиях многопартийности. Эти наработки должны стать основой будущего однопалатного Парламента, который будет формироваться по пропорциональной системе.

Новые инициативы по дальнейшему укреплению Парламента наделяют законодательный орган еще более серьезным объемом власти. Однопалатный Парламент, избранный исключительно по партийным спискам, повысит качество принимаемых решений за счет разных идеологических платформ и системной представленности интересов электората.

Значительная часть этих инициатив касается будущего нашего Парламента. Депутаты Мажилиса находятся в эпицентре этих изменений. Руководители парламентских фракций, ряд других наших коллег приняли активное участие в деятельности Рабочей группы по парламентской реформе. В течение полугода они вырабатывали конкретные нормы и давали рекомендации по структуре и компетенциям будущего обновлённого Парламента. Политическая позиция и взгляды каждой партии были учтены Президентом.



Сегодняшний опыт восьмого созыва Мажилиса показывает, что активная работа шести партийных фракций в разы усилила содержание законопроектной работы и парламентских дискуссий.

В мировой истории есть немало примеров стран, которые сознательно отказались от бикамеральной структуры парламента в пользу уникамеральной. Чаще всего это происходит в унитарных государствах, где стремятся совершенствовать законодательный процесс и сократить расходы.

В целом за последнюю четверть XX века наблюдалась устойчивая тенденция к возрастанию удельного веса однопалатных парламентов среди всех общенациональных парламентов мира. В настоящее время однопалатная система составляет почти 60% всех национальных парламентов.

Таким образом, однопалатный Парламент – это своевременный шаг, который в полной мере соответствует международным стандартам для унитарных государств, как наше.

Особого внимания заслуживает предложение Президента о новом названии Парламента. Парламент – это сердце демократии. А Курултай для казахского народа всегда был символом степной мудрости и справедливости, местом, где сообща решалась судьба страны.



Назвать казахстанский парламент Курултаем – значит чтить историческую память предков и сохранять преемственность традиций сегодня. Курултай в своё время был основой степной демократии. Институтом, определявшим судьбу нации с незапамятных времен.

Именно эту ответственность Президент возлагает на будущий Парламент. Кроме того, в последнее время возрастает потребность в институте, который мог бы объединить нацию, всё наше общество. Нужно признать, что в этом ключе Ассамблея народа Казахстана и Национальный Курултай полностью выполнили свою миссию.

Чтобы систематизировать и активизировать работу в этом направлении, Президент предложил создать Народный совет. Он станет площадкой общественного консенсуса и доверия. Стоит отметить, что Народный совет не является эквивалентом Парламента. Это «золотой мост» между государством и народом. Участие в нём этнокультурных центров, крупных общественных объединений, маслихатов и региональных общественных советов позволит повысить его прозрачность и будет способствовать продуктивной совместной работе.

Прогрессивной идеей стало предложение Главы государства о введении института вице-президентства. По Конституции это будет второе лицо в государстве, в полной мере отвечающее за реализацию политического курса страны.

Это неординарное и смелое решение Президента подтверждает факт приверженности Касым-Жомарта Кемелевича Токаева демократическим принципам построения государства.

Такой подход наглядно показывает всему казахстанскому и международному сообществу, что во главе угла политики Президента – стабильность и предсказуемость государственной вертикали власти.

Кроме того, выступая на Национальном курултае, Глава государства коснулся всей ключевой повестки страны – от Налогового кодекса и цифровизации до экологии, здравоохранения, образования, инфраструктурного развития, поддержки молодежи, внешней политики, патриотизма и борьбы с резонансными преступлениями. Тем самым вновь продемонстрировав знание и системный подход к решению всех общественных вопросов.

Надо сказать, что это уже второе программное выступление Президента с начала года, задающее интенсивный темп и адресность работе всего государственного аппарата и общества.

В условиях глобальной непредсказуемости такая частота и характер обращений стабилизирует общественные настроения и свидетельствует о глубоком сопереживании Главы государства за будущее страны.

В целом, однопалатный Парламент, Народный совет, институт вице-президентства – это важнейшие решения, которые будут приняты в год 35-летия Независимости.

По сути, они кардинально перезагружают всю политическую систему и открывают новый цикл современного государственного строительства, в котором независимость страны выступает ключевой ценностью и неизменным ориентиром всех реформ, проводимых Главой государства.

**Ерлан КОШАНОВ,**
**председатель Мажилиса РК**

№3-4 (1184-1185) 26.01.2026

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ОТКРЫТИЕ САМОЙ ВЫСОКОЙ ВЕРШИНЫ САРЫ-АРКИ



**Как известно, из исследования рождается исследование, и нередко результаты одного научного труда открывают новые вопросы и направления для дальнейшего изучения, запуская тем самым новые исследования. Этот процесс является цикличным: каждое новое знание, полученное в результате исследования, порождает необходимость в новых поисках для его углубления или проверки.**



**Такая закономерность научных поисков является характерной для исследований историка, писателя, путешественника, члена партии «Ақ жол», члена клуба Ротари Марала Томпиева, автора многих статей и книг. К примеру, работая над книгой об известном государственном деятеле Алихане Букейхане, в архивах царского времени о его родине – Каркаралинске – обнаружил описание двух высоких вершин в тех краях, круглый год покрытых снегом. Уроженец тех мест, Марал Томпиев не слышал о таких вершинах, где круглый год лежит снег, не нашёл их и в советских источниках. В итоге поиск этих вершин вылился в отдельное исследование, которое завершилось удачей благодаря одному природному феномену, которым сама природа подарила возможность для уточнения, подтверждения данных дореволюционной географии, и даже нового географического открытия в рамках советской и казахстанской географии.**

**Чтобы узнать все подробности этого интересного исследования: как проявился природный феномен, который помог открытию, какая самая высокая вершина малой родины Алихана Букейхана, какие там есть достопримечательности и др., мы поговорили с автором этого труда Маралом Томпиевым.**

**К тому же новое исследование Томпиева, кроме географии, вскрыло проблемы туризма, экологии, изменения климата, восстановления и возрождения природы, краеведения, топонимики, истории и др.**

**Комплексный подход, в том числе логический анализ, полевые исследования, личные наблюдения, сопоставление различных географических данных, использование интерактивной цифровой карты и др. позволили Маралу Томпиеву подойти к проблеме самой высокой горы Сары-Арки сразу с нескольких сторон – изучил первоисточники, топонимы, письменные документы, устные сведения, климат и т.д.**

### КАК ЗАРОДИЛАСЬ ИДЕЯ ПОИСКА «КРЫШИ» САРЫ-АРКИ

**– Марал Казкенович, что представляет собой Сары-Арка, какие её географические особенности, какие там есть горы, среди которых вы искали самую высокую?**

– Сары-Арка или казахский мелкосопочник (каз. Сарыарка – «жёлтый хребет») является частью Великой степи с небольшими низкогорными массивами («мелкосопочник», то есть мелкие сопки), площадь около 600 тысяч квадратных километров – это 20% территории Казахстана. На западе мелкосопочник упирается в Тургайскую ложбину, на северо-востоке в долину реки Иртыш, на севере – Западно-Сибирскую равнину, на юго-западе – Туранскую низменность. Протяжённость с запада на восток составляет 1200 км, ширина на западе 900 км и на востоке 400 км.

Самое интересное, в древности это была горная область, где за десятки тысяч лет воды тающих ледников вместе с ветром и дождями превратили когда-то высокие горы в низкогорную равнину.

Самые высокие горные узлы и хребты сохранились в восточной части Сары-Арки, на северных склонах которых находятся сосновые леса. К ним относятся Кызыларай, Кент, Чингизтау, Кокшетау на северо-западе, Каркаралинские и Баянаульские горы.

Кто был в тех краях, знают, какие там живописные места: лесные массивы, экзотические скалы, огромные валуны и озёра превратили их в самые посещаемые туристические зоны Казахстана. Недаром на территории мелкосопочника располагаются два объекта Всемирного наследия ЮНЕСКО – Коргалжынский и Наурзумский заповедники.




**– Какие описания края оставили географы царского времени и отличается ли от них нынешнее состояние природы?**

– Да, картины природы сильно отличаются. К тому же географы того времени зафиксировали факт сильного уменьшения лесного массива, в том числе из-за хищнического истребления соснового леса: «Древесная растительность высоких горных групп выражена сосновыми и лиственными смешанными лесами, состоящими из березы, осины, различных видов тала и ольхи. Сосновые леса приурочены исключительно к гранитным массивам. Самая южная оконечность распространения сосны в уезде – это гранитные горы Кызыл-рай, где сосна сохранилась в виде жалких остатков. Лучшие сосновые насаждения встречены в Баян-аульских и Каркаралинских горах, где они составляют казённые лесные дачи и частью находятся во владении станичных казаков. Довольно большие сосновые леса наблюдались в Кентских горах и в угнетённом состоянии в горных группах Куу, Бокты и Сары-Кулджа.

Раньше сосновые леса имели большую площадь распространения, но последнее время, вследствие хищнического истребления, они сохранились в районе редкими островками. Сосновый лес располагается на скалистых склонах упомянутых массивов и изредка спускается в заболоченные, но не засоленные низины» («Предварительный отчет о ботанических исследованиях в Сибири и в Туркестане». Ред. Б. А. Федченко. С-Пб., 1914).

**– Что конкретно стало поводом для исследования Сары-Арки?**

– В процессе работы над книгой об Алихане Букейхане – одной из наиболее ярких фигур казахской истории XX века – в архивах царского времени мне попадались интересные сведения о родине этого государственного деятеля. В частности, если сравнивать состояние современного ландшафта и описания природы Сары-Арки царских географов, то можно найти много интересных различий. Будучи уроженцем тех мест, я стал уже повнимательней вчитываться в документы того периода, в том числе и работы Букейхана, которые имели отношение к этому краю.

Как известно, Алихан Букейхан родился в 1866 году в Сары-Арке и до 20 лет жил и учился в городе Каркаралинске Семипалатинской области (Российской империи). Чингизид по происхождению, родословная которого ведётся от известного батыра «Кокжал» Барак-султана и его сына Букея (1737-1817) – хана Среднего жуза над родом каракесек племени аргын, воспитанника знаменитого Казыбек-бия.

Первые два года в Каркаралинске Алихан получает начальное мусульманское образование у муллы Зариева, затем живёт в доме и учится русскому языку у купца Ками Бектенова, где осваивает сапожное ремесло. В 1881 году Алихан оканчивает трёхклассную русско-киргизскую школу и поступает во вновь открытое городское училище. Через пять лет, 16 июня 1886 года, получив аттестат с хорошими отметками, 20-летний Алихан поступает в Омское техническое училище.

С отличием закончив Омское училище, Алихан Букейхан поступил в Императорский Лесной институт в Санкт-Петербурге, где получил диплом учёного-лесовода. Не забывая о родных краях, он принимал участие в этнографических экспедициях Ф. А. Щербины по «исследованию сибирских областей», то есть казахской степи. В дальнейшем его научная деятельность так или иначе была связана с Сары-Аркой.

Например, в 18 томе «Киргизский Край» издания 1903 года «Россия. Полное географическое описание нашего отечества», с участием уже взрослого Алихана Букейхана, было написано: «Каркаралинский уезд один из самых больших уездов Киргизского имеет площадь в 182.430 квадратных вёрст... Населения в уезде 156.100 человек ....казаков около 600 чел., а киргизов 155 тыс. (33.170 кибиток), так что этот уезд является наиболее киргизским; среди киргиз здесь притом много султанских родов» (Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Т. 18. Киргизский край / под ред. В.П. Семёнова. С-Пб., 1903).

К тому же учёный-лесовод Букейхан был редактором и автором научных, экономических и политических статей многих газет и журналов.

**– А как зародилась идея поиска самой высокой горы Сары-Арки?**

– Изучая архивные материалы края, я не раз сталкивался с подробным описанием Каркаралинских гор.

Например, П.П. Семёнов-Тян-Шанский писал: «Каркаралы... Станица, в 570 верстах к юго-западу от Омска. У подошвы гор Каркаралы. Основана в 1823 году. Жителей в 1863 году до 1,000 душ обоего пола из казаков, военных, разночинцев и азиатских торговцев. Дворов 252, две церкви, одна мечеть (построенная Кунанбаем, отцом знаменитого поэта-мыслителя Абая – М.Т.) и 36 лавок. При станице находится укрепление... Каркаралинские горы, следовательно, имеют от 4 до 5,000 русских футов абсолютной высоты. Горы округа не представляют значительных хребтов, а поднимаются с поверхности довольно возвышенной степи в виде отдельных групп и кряжей. Те из этих групп, которые, как, например, группы Каркаралы, Ку, Эдрей, Джигелень и др. круто и резко поднимаются со степи и представляют скалистый и разорванный вид, состоят из гранита» (П.П. Семёнов-Тян-Шанский. Географически-статистический словарь Российской империи. С-Пб, 1865, том 1).

Особенный интерес вызвало описание двух близлежащих вершин, круглый год покрытых снегом, вероятнее всего, находящихся именно в Каркаралинских горах, потому что нигде больше не упоминались высоты больше «5000 русских футов абсолютной высоты» («Предварительный отчет...»).

О снежных вершинах, покрытых снегом, писал и учёный Н. В. Шипчинский.

Благодаря этой подсказке нами была обнаружена высочайшая вершина Каркаралинских гор – горный узел Маралтау.

### ПРИРОДНЫЙ ФЕНОМЕН, КОТОРЫЙ ПОМОГ ОТКРЫТИЮ

**– Неужели в советское время не знали о самой высокой вершине Сары-Арки?**

– Это интересный вопрос – ведь в советских и современных картах считалось, что высочайшей вершиной Сары-Арки был пик Аксоран (1565 метров) в горах Кызыларай, второй и третьей вершиной считались пик Турсун (1469 метров) и пик Комсомольский (1403 метров) в Кентских и Каркаралинских горах.

Если по советским картам бесснежная одиночная вершина Аксоран является самой высокой, то откуда взялось описание двух вершин, круглый год покрытых снегом? По этой причине необходимо привести описание вершины Аксоран российских учёных. Если в Географически-статистическом словаре Российской империи 1865 года высоты Каркаралинских гор указывались «от 4 до 5,000 русских футов абсолютной высоты», что составляет 1219-1524 метра над уровнем моря, то в 1903 году уточнили, что Кызыларай «в естественно-историческом отношении он почти всюду однообразен, в общем, представляя собою холмистую, мало орошенную, глинистую или щебнистую степь, наиболее высокие пункты которой достигают 4,815 футов (1468 метров – М.Т.) (г. Кизыль-Рай); местность, прилегающая к Балхашу, носит пустынный характер». Поэтому там никто и не отмечал снег на вершинах в летний период.

Получается, что вершины Кызыларая в 4,815 футов (скорее всего, речь идёт о пике Аксоран) фиксировались ниже, чем Каркаралинские горы, достигавшие 5000 футов. Кроме того, Кызыларай располагался значительно южнее Каркаралы. Поэтому предположение, что Аксоран именно та двуглавая вершина, вечно покрытая снегом, казалось маловероятным.

*(Продолжени на 12-13 стр.)*

(Начало на 11 стр.)

**– В итоге как решилась это высокогорная загадка?**

– Подсказка пришла неожиданно! В 2024 году, впервые за последние 80 лет, была настолько снежная зима подобно последнему «малому ледниковому периоду» и дождливая весна, что невиданные ранее наводнения и потопы затопили большую часть мелкосопочника.

Это моё предположение, моя гипотеза. Чтобы было понятно: малый ледниковый период – период, охватывающий XIV-XIX века, около 550 лет. Климат в северном полушарии по сравнению с предшествовавшим ему «средневековым тёплым периодом» 950-1250-х гг. понизился на 1,5-2 градуса от современного – минимум со времён «похолодания железного века» 900-300 гг. до нашей эры. С учётом резко континентального климата, понижение температуры в Центральной Азии могло доходить до 4-5 градусов от современного, что совпало с экстремальной погодой 2024 года.

В 2024 году поймы давно высохших степных рек неожиданно оживились, стали полноводными и некоторые дошли до озера Балхаш. Там, где на вершинах весной никогда не было снега, он всё ещё лежал, как 150-200 лет назад.

**– Да, действительно сама природа разгадывает свои загадки, особенно о вершинах, где весной никогда не было снега, а в 2024 году он всё ещё лежал, как 150-200 лет назад.**

– Воспользовавшись предоставленным самой природой шансом, мы решили совершить экспедицию в Сары-Арку, буквально вернувшись в Малый ледниковый период – середину XIX века.

Итак, что мы имели: первое – историческое описание двух примыкающих друг к другу вершин под названием «Марал-Тюбе» (в устных преданиях Маралтау) недалеко от Каркаралинских гор; второе – на них круглый год лежит снег и третье – там водится много маралов.

На картах 1903 года я обнаружил, что горный узел «Марал-Тюбе» находился восточнее Каркаралинска в «4.883 фута абсолютной высоты» (1489 метров), что выше Кызыларая на 68 футов (4883 и 4815).

Кроме того, я, как опытный охотник-сурчатник и уроженец тех мест, не раз отмечал, что именно в районе Маралтау обитает серый горный сурок (лат. Marmota baibacina), не встречающийся в других районах мелкосопочника.

Горный отличался от степного сурка большим размером (масса старых самцов достигает 12 килограммов) и темным, почти что чёрным окрасом, особенно на голове. В горах Тянь-Шаня он проживает на высокогорьях выше 2 тысяч метров, на Алтае, с учётом северного положения, обитает на высотах от 1100 метров. Поэтому наличие горных сурков на Маралтау сразу усилило мысль, что это и есть самая высокогорная часть края, где следует искать две снежные вершины.



# ОТКРЫТИЕ САМОЙ ВЫСОКОЙ

## ПОИСК САМОЙ ВЫСОКОЙ ВЕРШИНЫ САРЫ-АРКИ

**– Как вы решили, что предполагаемые высокие вершины были под снегом?**

– Космические съемки 2024 года показали наличие снега на некоторых вершинах восточнее Каркаралинско-Кентского горного узла. Дело осталось за малым – поехать и измерить их высоту.

Конечно, были сложности, но помогли новые технологии. Оказалось, что, используя цифровые технологии, можно с минимальной погрешностью определить высоту над уровнем моря интересующих нас вершин. Поиски загадочных вершин были начаты при помощи интерактивной цифровой карты. Тогда и выяснилось, что высоты некоторых известных вершин казахского мелкосопочника оказались ошибочными, отличаясь от тех, которые были указаны в царских, советских и казахстанских физических и топографических картах.

Из-за устаревших замеров, которые производились с помощью барометрического альтиметра с учетом атмосферного давления и температуры (на 100 метров подъёма столбик уменьшается примерно на 12 миллиметров ртутного столба), погрешность в сравнении с замерами GPS оказалась от 10 до 40 метров.

Использованная нами карта Генерального штаба Вооруженных сил Республики Казахстан, основанная на издании 1964 года и исправленная по картографическим материалам 1981-1983 годов, на практике содержит большие неточности и погрешности.

**– Если даже карта Генерального штаба Вооруженных сил имеет неточности, то, конечно, поиск высоких вершин имеет большое значение.**

– Для наглядности я составил таблицу неточностей высоты разных вершин. Так, например, высота пика Комсомольский (каз. Жиренсакал – Рыжая борода) в горах Каркаралы, указанного как третья вершина Сарыарки, составляет 1403 метра, на самом же деле на сегодня – 1363 метра, на 40 метров ниже. Вместе с ним:

| Хребты и вершины | Высота по карте, м. | Фактическая высота, м. | Разница, м. |
|---|---|---|---|
| Кызыларай, Аксоран | 1565 | 1560 | 5 |
| Кент, Бельдыбай | 1429 | 1409 | 20 |
| Кент, Буркуты | 1424 | 1413 | 11 |
| Кент, Кусмурун | 1398 | 1378 | 20 |
| Каркаралы, Жиренсакал | 1403 | 1363 | 40 |
| Каркаралы Шанкоз | 1360 | 1332 | 28 |
| Каркаралы, Коктобе | 1254 | 1240 | 14 |
| Каркаралы, Бугулы | 1323 | 1310 | 13 |
| Ку, Егиндыбулак | 1356 | 1335 | 21 |
| Улкен-Догалан | 1061 | 1056 | 5 |
| Жаксы Абралы | 1299 | 1265 | 34 |
| Каракойтас | 1081 | 1061 | 20 |
| Соран | 1183 | 1173 | 10 |
| Улкен Айгыржал | 1092 | 1082 | 10 |

Поэтому в картах ошибочно считалось, что самой высокой вершиной мелкосопочника является Аксоран в горах Кызыларай.

**– Как прошла ваша экспедиция по поиску самой высокой вершины Сары-Арки?**

– Экспедиция по поиску двух снежных вершин началась в горной местности, названных именами владельцев зимовок-қыстақов Омар-Оспан-Мустафа, где водилось очень много горных сурков, и продолжалась с 23 по 25 апреля 2024 года.

В результате полевых измерений сурчинных гор высочайшей вершиной Сары-Арки оказался горный узел Маралтау, ранее известной как «Марал-Тюбе», высота которой составила 1563 метра, что выше пика Аксоран. Конечно, на фото видно, когда мы подняли флаг Казахстана на самой высокой вершине Сары-Арки, на вершине снега нет – это конец апреля, но на скалистом склоне вершины лежал снег.

В молодые годы я часто поднимался на Аксоран и, использовав альтиметр японских часов с шагом в 5 метров, измерял его высоту, которая едва доходила до отметки 1560 метров над уровнем моря.

Уважая дух горы и считая её самой высокой вершиной Великой Степи, ещё в 1980 годы я возвёл там маленький курган из камней – по-казахски называется «оба». И приятно видеть, что до сих пор вокруг оба фотографируются туристы и выкладывают снимки в интернет.

После новых измерений получилось, что пик Аксоран (1560 м) стал второй вершиной после Маралтау (1563 м), третьей стала, расположенная рядом с Маралтау, впервые измеренная нами гора Аксоран-2 – 1515 метров. Получается, это и есть те две вершины, покрытые снегом, российских географов.

Поэтому горный узел Маралтау, наиболее возвышенный участок Казахского мелкосопочника, можно смело назвать Крышей Великой Степи – Ұлы Даланың Шаңырағы.

Из-за своей высоты Маралтау, как соседние Каркаралы и Кент, отличается разнообразием ландшафтов, влажным климатом и сосновыми лесами, которые играют огромную роль в экологическом равновесии края.




Кстати, путешественники говорили, что до июня 2024 года в лощинах, скальных складках Маралтау и Аксоран-2 лежал снег, и они есть именно те две снежные вершины, описанные в источниках. Конечно, путешественники туда не поднимались, а видели из долины реки Талды.

## МАРАЛТАУ – САКРАЛЬНОЕ И ЗАГАДОЧНОЕ МЕСТО

**– Вы в своём исследовании много места уделили проблемам туризма, экологии, восстановления и возрождения природы, краеведения, топонимики и др. Расскажите о них.**

– Благодаря спонсорской помощи клуба Ротари, 19-27 июля 2025 года я организовал вторую экспедицию на Маралтау, чтобы провести ряд мероприятий для развития туризма, сохранения историко-культурного наследия. Помимо меня приняли участие учёные: Иван Головко из Беларуси, профессор Валихан Молдабеков и Георгий Панов из России, а также местные волонтеры: фермеры Медет Кинаятов, Саят Саменов и его сын Адильжан.

Ещё в первую экспедицию на вершине Маралтау, отдавая дань древним традициям, мы начали постройку кургана из камней – оба, которую планировали достроить. И во вторую экспедицию мы достроили курган до 5 метров и установили на ней флагшток с казахстанским флагом, а также пробили автомобильную дорогу на вершину с указателями для тех, кто не может идти пешком.

Во славу Великого неба – Тенгри мы натянули от вершины к основанию кургана 12 арканов соответственно числу месяцев в году для завязывания узелков желаний. Кроме того, была построена вторая оба для разжигания костров из овечьей шерсти, которую вталкивают между камней пирамиды.

По ритуалам, во славу Великого Неба и духов предков, в том числе Алихана Букейхана, в полночь разжигается пирамида из овечьей шерсти, вокруг которой проходят 27 раз против часовой стрелки, символизирующий движение против времени. После движения «в прошлое», для исполнения узелков желаний, закрепленных на аркане, проводят обряд «кормления огня» – обычно кумысом или молочными продуктами (курт, айран и др.).

В конце экспедиции из камней выложили название Крыши Великой Степи – Маралтау.

Было бы замечательно, если посещение этой самой высокой вершины Сары-Арки станет одним из популярных туристических направлений и рядом с ней появится туристическая зона. Ведь с вершины горы открывается изумительная панорама.

**– Как развит Каркаралинский район?**

– К сожалению, Каркаралинский район, находящийся в центре пересечения древних цивилизаций с богатой природой и историей, незаслуженно стал одним из самых отсталых в Казахстане. Надеемся, что наша экспедиция, связанная с географическим открытием высочайшей вершины великой степи, даст значительный толчок для развития туризма и роста благосостояния края.

Считаем, что этот край является одним из самых сакральных и загадочных мест Казахстана. Когда мы ночью на джипе спускались с горы, нам повстречались маралы, что большая редкость.

Это был своего рода знак, оправдывающий название горы и доказывающий, что здесь обитало много маралов. Неслучайно здесь нередко находят золотые украшения с их изображениями.

Марал был священным животным у саков – восточных скифов, тюрков и казахов. Золотой олень

# ВЕРШИНЫ САРЫ-АРКИ



*Развалины буддийского монастыря Қызыл кеніш в горах Кент, построенного джунгарами в 17 веке*

в украшениях, найденных в их курганах, был очень популярен и символизировал чистоту, долголетие, силу и удачу. Кровь марала использовали ещё в древности для лечения от различных болезней.

Конечно, очень хочется, чтобы этих животных рядом с Маралтау было много, как раньше.

**– Есть ли там исторические или археологические достопримечательности?**

– При подъёме на вершину горы мы встретили там большие нагромождения камней овальной, почти круглой формы. Сначала я подумал, что это джунгарские субурганы, каменные пирамиды для поклонения духам.

Следы пребывания джунгар в крае повсюду, даже сохранились развалины буддийского монастыря: «Горы Кент ниже Каркаралинских и довольно богаты источниками; скаты их обнажены от лесной растительности. На горе Кент-хазлан, возвышающейся над речкой Кызыл-су, правый приток Талды, сохранились остатки древнего двухэтажного каменного здания [Кызылкенеш – прим. авт.], сложенного из диких камней и цементованного известью. Вокруг этого здания видны еще следы других [зданий], совершенно разрушившихся» (П.П. Семёнов-Тян-Шанский. Географически-статистический словарь).

Но при внимательном изучении каменные нагромождения оказались сакскими курганами. Обычно курганы расположены недалеко от поселений, в долинах рек или запруд, их в Сары-Арке – тысячи. Но курганы на вершине горы – редкое исключение. Причиной таких захоронений, безусловно, является высота горы. По поверьям саков и скифов, а позже тюрков и казахов, считалось, что духи выбирают себе для обитания самые высокие вершины, поближе к Великому небу – Тенгри.

В Кентских горах обнаружено древнее поселение, уникальный исторический культурный памятник Бегазы-Дандыбаевской культуры XIII-IX вв. до н. э., площадью в 30 гектаров, с населением в несколько тысяч человек.

Город, ровесник древнего Рима, чётко делился на улицы и кварталы: металлургов, плавящих медь и бронзу, оружейников, ювелиров и ремесленников. В 2010 году там были исследованы семь царских курганов VII-IV века до н. э., где в могильнике Талды-II (Каркаралинский район) был обнаружен пятый в Казахстане «золотой человек».

### ПРАКТИЧЕСКАЯ ПОМОЩЬ МЕСТНЫМ ЭКСКУРСОВОДАМ И КРАЕВЕДАМ

**– Вы упоминали и работу с местными топонимами. Что за работа?**

– В помощь местным экскурсоводам и краеведам мы провели огромную исследовательскую работу по восстановлению забытых названий безымянных вершин, сопок, рек и горных хребтов Сары-Арки. В этом нелегком, но полезном труде хотелось поблагодарить местных аксакалов – знатоков истории края, за помощь в восстановлении старых топонимов. Полный список этих топонимов впервые был опубликован мной ранее в статье в местных СМИ.

Так, топонимы Аксоран, Карасоран и Кызылсоран означают Белого, Чёрного и Красного великанов. Скалистые вершины обозначаются как тас – камень: Какпактас – Каменный Капкан, Аулиетас – Священный Камень, Айыртас – Одинокая Скала, Белдеутас – Каменный Пояс, Домалактас – Каменный Круг, Калактас – Каменное Весло, Керегетас – Каменная Юрта, Сандыктас – Каменный Сундук, Койтас – Каменный Баран, Шокпартас – Каменная Дубина. Горы: Каракойтас – Скалы Чёрных Баранов, Кызылтас – Красные скалы, Каратас – Чёрные Скалы.

Цветные, но не скалистые горы и вершины обозначались как: Акбиик – белая высота, Актау, Каратау, Кызылтау, Сарытау, Кокшетау, Шубартау и Котыртау – Белые, Чёрные, Красные, Жёлтые, Синие, Пятнистые и Рябые горы. Берик-кара, Даукара, Таскара – Прочная, Огромная и Каменная гряды.

Акшокы, Карашокы, Сарышокы, Жетимшокы означают Белый, Чёрный, Жёлтый и Одинокий холм – шокы. Жангызтау, Жельтау и Кызыладыр – Отдельная, Ветреная и Красная Сопки.

Кентобе, Шубартобе, Актобе, Каратобе, Коктобе – Широкая, Пятнистая, Белая, Чёрная и Синяя вершины.

Топонимы, связанные с породами деревьев, растущих в тех горах: Шолаккайын – Безрукая Берёза, Ушкайын – Три Берёзы, Сарытерек – Желтый Тополь, Актогай – Белый Лесок, Жартогай – Скалистый Лес, Карагайлы – Еловый Лес.

Топонимы, связанные с родниками и речками, текущими с гор: Карабулак, Акбулак, Котырбулак, Егиндыбулак, Айнабулак и Тасбулак – Чёрный, Белый, Мутный, Усечённый, Зеркально Чистый и Каменный Родник – булак.

Очень интересны топонимы, связанные с животными, например, лошадью и её гривой: Шубарайгыр, Жорга, Байтал, Тай – Пёстрый жеребец, Иноходец, Трёхлетка, Двухлетка (жеребёнок). Акжал, Кызылжал, Каражал, Жекежал, Улкен Айгыржал – Белая, Красная, Чёрная, Особая, Большая Гривы – Жал.

Очень популярны названия, связанные с архарами: Архарлы, Кошкар, Сары Кулджа и Коныр Кулджа – Архарские горы, Самец, Жёлтый и Коричневый Архары.

Названия, связанные с животными и птицами: Огизтобе и Огизтау – Бычья вершина и гора, Бугулы – Оленьи горы, Суырлытау – Сурчинные горы, Жыландытау и Жыланды – Змеиные горы, Улкен Каракус – Большой Коршун, гора Буркут, Буркутты и Улкен Буркутты – Орлиные и Большие орлиные горы, Кииккашкан – Бегущие Сайгаки, Кусмурын – Птичий Клюв.

Стоит подчеркнуть глубокую связь географических названий с историей, природой, рельефом и животным миром края.

**– Как продолжилась ваша экспедиция?**

– После возведения кургана и проведения ритуалов на вершине Маралтау, мы продолжили нашу миссию, посетив озеро Шайтанколь в национальном парке и Каркаралинский историко-культурный музей в городе Каркаралинске. Руководство музея разрешило нам создать исторический уголок об Алихане Букейхане и разместить мои статьи о самой высокой вершине Сары-Арки, опубликованные в местных СМИ.

В благодарность я подарил свою книгу «Эпоха обретения границ» на казахском и на русском языках музею и местной библиотеке.

После первой экспедиции в 2024 году вышли мои статьи, которые вместе с вышеуказанными мероприятиями, надеемся, являются продолжением нашей просветительской миссии по географии, истории и туризму края.

Удивительно, что после популяризации в социальных сетях «Крыши Великой Степи» и истории края как родины Букейхана, на Маралтау и в Каркаралинске появилось больше паломников и туристов, в том числе иностранных. Местные фермеры начали строить юрточные городки и гостевые дома, появились проводники и экскурсоводы, связанные с восхождением на вершину.

К тому же в настоящее время в Каркаралинском национальном парке осуществляется амбициозный план восстановления популяции степного зубра путём скрещивания европейских зубров и американских бизонов в естественных условиях, что также привлечёт туристов. Вначале были завезены зубры, а в 2020 году в национальный парк Буйратау завезли 10 американских бизонов (Bison bison), которые в 2023 году они дали первый приплод.

Также Каркаралинский заповедник знаменит своей фермой по разведению Благородного оленя и его подвида, марала. На территории заповедника проживают несколько особей маралов, которые здесь хорошо прижились и на данный момент размножаются и чувствуют себя великолепно. Маралов разводят в Каркаралинском заповеднике для дальнейшего их переселения на другие земли Казахстана.

**– Вы в своём исследовании уделили большое внимание проблеме восстановления и возрождения природы.**

– Да, не хотелось обходить стороной проблемы, связанные с вырубкой лесов, возникновения лесных пожаров, весенних наводнений и потопов, наносящих непоправимый вред не только флоре, но и фауне края.

Архивные материалы показывают, что более сотни лет назад леса и растительности было больше по сравнению с современным состоянием, но уже тогда поднимали проблему вырубки лесов.

Вот отрывок из географического труда: «Чем далее на запад [Алтай], где горы все более и более охватываются степями – тем реже становятся оазисы с богатой горной растительностью; редеют и хвойные леса. Баян-Аульские, Эдрейские, Каркаралинские и Дегеленские горы являются уже полными оазисами среди окружающих глинисто-солонцеватых степей; на них сохранились кое-где редкие сосновые леса (казенные дачи и казачьи участки). Развитие горного дела грозило в ближайшем будущем полным уничтожением их, если бы найдены залежи каменного угля. Сосны, как и всюду, выбирают каменистые и песчаные места. В черноземных долинах растут березы, тополя и осины, из кустарников – черемуха, малина, шиповник и др.; травянистая растительность здешних долин разнообразна... Самым южным местом распространения сосны в Акмолинском уезде нужно считать г. Болта-Кара, где есть редкий сосновый лесок. За последнее время, впрочем, переселенцы и киргизы [казахи] усиленно вырубают его, так что в ближайшем будущем он исчезнет» (Россия. Полное географическое описание...).



**– В связи с вырубкой леса предлагали какие-то меры в то время?**

– Да, отмечая вред от массовой вырубки, многие учёные ещё тогда предлагали меры по улучшению экологии края, актуальные и в наше время. А также отмечали, что из-за вырубки деревьев и случаются весенние паводки.

В частности, географ Н. В. Шипчинский отмечал, что «Значение более крупных гор в районе является чрезвычайно важным, т. к. они оказываются единственными хранителями влаги, вследствие чего здесь могут расти довольно значительные лески, которые в свою очередь являются регуляторами отпуска воды в степную часть района. Однако нельзя не пожалеть о том, что как киргизы [казахи], так, особенно, наши русские переселенцы безжалостно истребляют лески, вследствие чего весь весенний запас влаги очень быстро скатывается в равнину, совершенно не будучи использованным. В районе во многих местах мы встречали заброшенные арыки, которые уже очень много лет как не используются, да и использовать их при современном положении рек, т. е. того количества воды, которое несут реки, является совершенно невозможным. Причина уменьшения воды в реках кроется не в уменьшении за последнее время общего количества выпадающих атмосферных осадков, а, исключительно, в пагубном влиянии вырубки лесков в горах. Эти лески, регулируя таяние снегов, поставляли влагу постепенно, но с уничтожением лесков таяние снега происходит очень быстро, вода сразу за короткий срок скатывается в низину и орошает ее на непродолжительное время, после чего начинается быстрое ее испарение и затем засоление. Если бы влага в равнину поступала постепенно, и, кроме того, количество её можно было регулировать, пуская то по одному, то по другому арыку, то можно было бы опять использовать прежние арыки и оросить значительную площадь. Таким образом в интересах колонизации района следовало бы позаботиться о сохранении существующих лесков и о разведении новых на тех местах, где они вырублены, а также там, где они могут быть разведены» («Предварительный отчет...»).

Л. А. Осипова тоже подчёркивала, что массовая вырубка влияет на обилие наводнений и потопов в пониженной степной части округа «вследствие резких колебаний температуры весной» после особо снежных зим. Ледовый покров крупных рек «от таяния снега в горах идет поверх льда до тех пор, пока последний не растает» и поверх него в низинах, образуются новые волны водных потоков от резко растаявшего снега, которые сметают всё на своём пути. В XIX веке для борьбы с потопами и наводнениями, а также для ускорения ледохода в реках власти рекомендовали пробивать отверстия – лунки и разжигать костры.

Воистину, это превосходное, но и простое предложение!

**– Какие есть ваши предложения?**

– Наибольшую опасность, на мой взгляд, представляют климатические изменения, связанные с глобальным потеплением планеты. В связи с резким потеплением площадь пожаров в Казахстане последние годы резко возросла. Общеизвестно, что разжигание костров является одной из главных причин распространения лесных пожаров, и это – большая проблема. Поэтому следует усилить меры по сжиганию мусора и разведению костров в запрещенных местах, также работу по рытью заградительных полос и очистке лесных массивов от сухостоя и валежника. Для борьбы с паводками и наводнениями надо начать работы по масштабной посадке кустарников и деревьев в долинах степных рек.

**– Марал Казкенович, большое спасибо за интересное интервью!**

**P.S. В Казахстане и за рубежом в экскурсиях при посещении туристических достопримечательностей экскурсоводы приводят много интересной информации о них, которая и развивают туризм. Например, при посещении курортной зоны «Боровое» вас встретит обилие сказаний, легенд, одна красочней другой о местных достопримечательностях – об озёрах, горах, скалах, исторических или вымышленных героях и т.д., притом разные варианты по одной теме. Самой распространенной, пожалуй, является легенда о появлении самого Оазиса с горами, озерами, лесами в степи, которую расскажут в экскурсии.**

**Надеемся, что исследование, статьи и мероприятия Марала Томпиева заложат основу для информирования туристов при посещении Маралтау и других мест и будут способствовать развитию туризма на родине Алихана Букейхана.**

**Дастан ЕЛДЕС**

№3-4 (1184-1185) 26.01.202

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Қазақта «Елге қызмет – ерге міндет» деген тағылымды сөз бар. Мен танитын азаматтар арасында осынау тәмсілді ту етіп ұстап қана қоймай, оны өмірінің негізгі мәніне айналдырған ағалар саусақпен санарлық. Солардың бірі, әрі бірегейі – ел ішінде сыйлы, ағайынға ақылман, жасқа қамқор, өзіне биік жауапкершілік пен адамдық ұстанымды ту еткен Оразалы Исаев аға.**



# Адалдықтың айнасы, ағайынның айбыны

Адам ғұмыры — жазылып қойған дайын сценарий емес, ол — әр күні иесінің сұранысына қарай өрілетін өмір жолы. Адамның кім екенін оның сол жолдың әр белесінде қалдырған белгісінен білесің. Біреу бұл жолда өзін іздеп шаршайды, біреу биікке ұмтыламын деп ұрынады, ал біреу елге керек ісін үнсіз жүріп жасап, өз өрнегін ел жадында дабырасыз, атақ қуаламай-ақ қалдырады. «Жақсының аты өлмейді» деген сөз дәл сондай жандарға қарата айтылса керек. Оразалы Смағұлұлы сондай жандар санатынан.

Адам өмірі өзен сияқты. Тайыз өзен айналасын азан-қазан қылып, таудан арнасынан аса құлағанымен, су аяғы көбіне құрдым, ал терең өзен тұнжыр қалпын бұзбастан қашанда теңізге қосылады. Оразалы ағаның өмір жолы — дәл сондай терең де сабырлы ағыс. Ағаның аяқ алысы дабыраменен емес, мағынамен, атақпен емес, атқарған іспен өлшенеді.

Мен өмір бойы Оразалы ағамен бірге жүрген жандар қатарынан емеспін. Бірақ кейде адамды ұзақ тану шарт емес, бір рет көріп, бір-екі ауыз тілдескеннен кейін-ақ оның кім екенін іштей сезіп қоясың. Мен білетін Оразалы аға — дәл сондай тұлға.

Адамды қызметі емес, мінезі, көпірген сөзі емес, үнсіз, бірақ мінсіз атқарған ісі танытады. Оразалы аға — сондай адам. Ол кісі отырған жерінде міндетті түрде төрге шығып, көп сөйлеп, өзін көрсетіп отыратындар қатарынан емес. Бірақ ол отырған ортада салмақ бірден соған ауады. Өйткені ол — табиғатынан орнықты, ішкі мәдениеті жоғары, сабыры мол азамат.

Оразалы ағамен алғаш жүздескен сәттен-ақ мен ол кісінің болмысынан асығыстықты емес, байыпты сабырды, өзімшілдікті емес, көпке ортақ ойды аңғардым. Ағамен кездескен сайын «нағыз адам деген осы шығар» деген ойға қайта-қайта орала беремін. Оразалы аға өзін көрсетуге тырыспаса да бар болмысы, ішкі мәдениеті, адами өлшемі өзінен-өзі байқалып тұрады. Сөзімен шаршатып жіберетін адамдар да болады, ал Оразалы ағаны тыңдай бергің келеді. Себебі, ағаның айтқандары адамды ойға тың тұрғыдан қаратып ойлантады.

Мен білетін Оразалы аға — жанындағысына жөн сілтеп, жолына жарық түсіріп жүретін адам, адал еңбектің айнасы, ағайынның айбыны.

Оразалы ағаны алғаш рет ағайындардың бір басқосуында көрдім. Ол жиын жай ғана бас қосу емес, өткенге тағзым, бүгінге ой, ертеңге аманат артқан отырыс болатын. Мені ол кісінің ерекшеленуге тырыспаса да көп ішінен ерекшелеп тұратын сабырлы болмысы, байыпты сөзі, ортаға деген құрметімен бірден баурап алды.

Сол жерде Оразалы ағаның ел ішіндегі беделін, өзіне назар аудартуға тырыспаса да адамдардың оған еріксіз мойын бұрып, сөзін күтіп отыратынын байқадым. Аға керісінше, ұдайы өзгелерге жол беріп, үлкенкішінің сөзін елеусіз қалдырмай тыңдап отырды. Қазақтың «Жақсы адам — елдің ырысы» деген сөзінің мағынасын мен сол күні тереңірек түсінгендей болдым.Сол жолы таныстық. Көп ұзамай ол кісінің жай ғана таныс емес, елдің үлкені, ағайынның ақылшысы екеніне көзім жетті.

Содан бері жыл сайын маусым айында Қарабура баба рухына арналған аста кездесіп келеміз.

Бір қарасаң — бәрі бұрынғыдай. Сол бір байыпты қалпы, асықпай айтатын сөзі, артық қимылы жоқ жүрісі. Бірақ жылдар өткен сайын ағаның мен үшін адам ретінде де, азамат ретінде де салмағы арта түскенін анық сезінемін. Әр кездескен сайын ол кісінің айтқан әңгімесінен өткенге тағзым, бүгінге жауапкершілік, ертеңге алаң барын аңғарамын. Ағаның айтқандары үнемі маған тұтас өмірдің сабағындай әсер қалдырады. Оразалы аға кейбір кісілер сияқты сылдыр сөзден қаймақ қалқымайды. Аз, бірақ саз сөзбен «Біз бұл жерге не үшін келдік, бабалар бізден не күтеді?» деген сұрақты ортаға салады. Осы қарапайым сауалымен – ақ жиынға қатысушыларға үлкен жауапкершілік жүктейді. «Көп сөйлеген емес, дөп сөйлеген білімді» деген сөз осындай жандарға қарата айтылса керек.

Оразалы аға — даурығып сөйлемейді. Ешкімге дауыс көтермейді. Бірақ бір мәселе көзғала қалса, жұрт оның пікірін күтеді. Өйткені ол ешқашан бос сөз айтпайды. Айтқаны — өмірден өткен, істің ішінен шыққан ой. Мен білетін Орекең — дәл осындай.

Оразалы ағаның кіндік қаны тамған Созақтың қуаң даласы мен Қызылтудың кең жазығы — тек географиялық мекен емес, мінез қалыптастыратын орта. Бұл өлке — тарихтан тағылым алған, төзім мен табандылықты бойға сіңірген жандарды тәрбиелеген қазыналы, ел қорғаны болған талай батыр мен биді өмірге әкелген киелі өңір.

Осы қастерлі мекен бала Оразалының бойына еңбекке адалдық, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді қасиеттерді сіңірді. Ерте есейтті, еңбекке бейімдеді, төзім мен тәртіпке үйретті. Ауылдың қоңыр тіршілігі, адал еңбек, үлкеннің батасы — ағаның кейінгі өмірінің темірқазығына айналды. Ол кісінің туған жерге деген іңкәрлігі сондай, әңгімесін тыңдағанда көз алдыңнан Созақтың кең даласы, Қызылтудың қуаң жазығы кинотаспадай тізіліп өтеді.

*__Нарықтың аумалы-төкпелі кезеңінде банк жүйесін басқару – үлкен сын. Бұл – бүгінгі көзбен қарағанда үйреншікті көрінгенімен ол кезде үлкен тәуекел мен батылдықты талап еткен қадам еді. Бірақ дәл сол уақытта оның байсалды мінезі, салқынқандылығы мен өмірлік тәжірибесі талай күрделі түйінді тарқатты. Қолына келген мүмкіндікті тек өзіне емес, өзгеге де жұмсады. Ел еңсесін тіктей алмай тұрған шақта, қаржыға қол жеткізу қиын кезеңде ол банк арқылы диқандарды, шаруалар мен өз ісін ашқысы келген азаматтарды қаржылай қолдады. Бұл – жай ғана бизнес емес, елдің ес жинауына жасалған нақты көмек, екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиет еді. Оразалы аға «Қазақстанда коммерциялық банктер қалыптасуының негізін қалаушылардың бірі» ретінде тарихта қалды.__*

Ағаның әңгімесінде артық мақтау, бос пафос деген болмайды. Бірақ әр сөзінен туған топыраққа деген терең құрмет сезіліп тұрады.

Жоғарыда айтылғанның бәрі менің көзіммен көріп, көкейге түйгендерім. Енді елден естігендеріме келейін.

Көп адам қаржы саласын суық, қатыгез орта деп ойлайды. Ал Оразалы аға сол саланың өзінде адамдықты жоғалтпаған, керісінше сол арқылы талай жанға тірек болған азамат. Халық тоқсаныншы жылдардың аласапыранында не істерін білмей абдырап қалған кезде, Оразалы аға Шардара ауданында алғашқылардың бірі болып жекеменшік банк ашып есептің ғана емес, елдің де бабын тапқан адам.

Нарықтың аумалы-төкпелі кезеңінде банк жүйесін басқару — үлкен сын. Бұл — бүгінгі көзбен қарағанда үйреншікті көрінгенімен ол кезде үлкен тәуекел мен батылдықты талап еткен қадам еді. Бірақ дәл сол уақытта оның байсалды мінезі, салқынқандылығы мен өмірлік тәжірибесі талай күрделі түйінді тарқатты. Қолына келген мүмкіндікті тек өзіне емес, өзгеге де жұмсады. Ел еңсесін тіктей алмай тұрған шақта, қаржыға қол жеткізу қиын кезеңде ол банк арқылы диқандарды, шаруалар мен өз ісін ашқысы келген азаматтарды қаржылай қолдады. Бұл — жай ғана бизнес емес, елдің ес жинауына жасалған нақты көмек, екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиет еді. Оразалы аға «Қазақстанда коммерциялық банктер қалыптасуының негізін қалаушылардың бірі» ретінде тарихта қалды.

Қаржы саласының қатал, суық заңдарына қарамастан, ол адамдық өлшемін жоғалтқан жоқ. Қаржы мен арды тепе-тең ұстай білді. Ол кезде талай адам тайқып кетті, талайы жолынан жаңылды. Ал Оразалы аға сол сындардан сабырмен өтті. «Сабыр түбі — сары алтын» деген халық даналығы оның ғұмырымен дәлелденгендей.

Менің пайымымша, Оразалы аға қаржы тек қағаз жүзінде жүрмейтінін, әр теңгенің артында адам тағдыры тұрғанын жақсы түсінген жан. Сондықтан да, берген несиесі де, жасаған шешімі де шаруаның шынайы жағдайына қарай бейімделген деп ойлаймын. Сол себепті оның алдынан өткен адамдардың «алданып қалдым» дегенін естімеппін. Олар керісінше, «сол кезде Орекең болмаса, не болар еді» деп еске алады.

Мен білетін Оразалы аға — қаржыгер ғана емес. Ол — әңгімені кез келген тақырыпта тереңдетіп алып кететін, орнымен әзілдей білетін, керек жерде бір ауыз сөзбен түйін қоятын кісі. Кейде күтпеген жерден бойындағы бір басқа қыры ашылып «әу» дейтіні бар дегенді де естідім. Бұл — Оразалы ағаның есепке ғана емес, сөзге де, сезімге де жақын жан екенін көрсетсе керек.

Оразалы ағаның ел ішіндегі еңбегінің бір үлкен саласы – ағайынның, әсіресе Тама руынан шыққан азаматтардың ауыз бірлігін сақтау жолындағы қызметі. Ол ешқашан руға бөлінуді мақсат еткен емес, керісінше руды — тәрбие мектебі, жауапкершілік аланы деп түсінді. Ағайын арасындағы татулықты, өзара сыйластықты сақтауға көп күш жұмсады. Сол еңбектің бір нақты нәтижесі — «Тама шежіресінің» жарық көруі. Бұл — жай ғана тізім емес, тұтас бір рулы елдің тарихи жадын жүйелеген, кейінгі ұрпаққа қалдырылған рухани құжат. Осы істің басында жүріп, дерек жинап, көнекөз қариялардың әңгімесін тыңдап, бәрін сабырмен, байыппен бір арнаға түсіру ісін ұйымдастырған да — Оразалы аға.

Мен білетін Оразалы аға дабырадан емес, істен қуат алатын адам. Ағамыз зейнетке шыққаннан кейін де қоғамдық өмірден шет қалған жоқ. Керісінше, рухани дүниеге терең бойлап, тарих пен шежіреге ден қойды. Ата-бабаның атын жаңғырту, ұрпаққа аманат ету — ол кісі өмірінің жаңа бір белесіне айналды. Қарабура бабаға арналған ас, Башпай баба кесенесінің салынуы, Түркістандағы қасиетті орындарда Бұзау мен Бижігіт батырлар есімінің жаңғыруы — мұның бәрі Оразалы ағаның елдік ойының көрінісі.

Ол істерді даңқ үшін емес, рух үшін жасады. Бұл дүниелерге жай тарих ретінде емес, аманат ретінде қарады. Сондықтан да ас берді, кесене салдырды, Батыр бабалар есімін дәлелін тауып тасқа жаздырды. Мұның бәрі — ертеңгі ұрпақ үшін жасалған тірлік.Тарихты тірілту — өткенге қарау емес, болашаққа бағдар жасау. Ол мұны жақсы түсінді. Сондықтан әрбір бастамасында дерекке сүйеніп, ақылмен әрекет етті. Бұл жолда да сабыр мен табандылық танытты.

Мен танитын Оразалы аға — күнделікті өмірде өте қарапайым. Даңқ қуған адам емес. Ешқашан «мен» деп сөйлемейді. Оны үлкені де, кішісі де сыйлайды. Өйткені оның өмірі — үнсіз еңбекпен, сабырлы мінезбен, адал ниетпен өткен ғұмыр.

Мен білетін Оразалы аға — бір әулеттің ғана емес, бір ортаның, бір дәуірдің айнасы, бір кезеңнің ақыл таразысы. Ол байлық қалдыруды емес, «бағыт көрсетуді» маңызды санаған адам. Оның ғұмыры – ізі терең, мағынасы мол өмір, кейінгіге қалдырылған үнсіз өсиет. Мен білетін Оразалы аға — осындай адам. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы.

**Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,**
**журналист**
*Түркістан облысы*



Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Судья: – Айыпталушы, сіздің айлығыңыз бар-жоғы 100 мың теңге екен. Тұратын үйіңіздің құны – 10 миллион доллар. Мұнша ақшаны қайдан алдыңыз?
Күдікті: – Сот мырза, ойлануға мұрсат беріңізші!
Судья: – Жеті жыл жете ме?..

***

«Мен сенен шаршадым! Қош бол! Мені ұмыт!» деп айттым да, есікті жауып кетіп қалдым. Сәлден соң «Тарс» еткен қатты дыбыс шықты. «Өзіне қол жұмсап қойды ма екен?» деген уайыммен есікті ашып қалсам, «Шампанское» ашып, менің кеткеніме жуып отыр, оңбаған!

***

Баяғыда ерлі зайыптылар кешкі асын ішіп отырыпты. Сөйтсе, әйелі тамағын сораптап ішіп отыр екен. Оған жыны келген күйеуі әйелінің басынан қасықпен бір ұрыпты.
Әйелі:
– Не боп қалды? – десе, күйеуі:
– Сораптамай жөндеп іш! – деген екен.
Әйелі енді сораптамай жайлап ішіп отырса, күйеуі басынан тағы бір ұрған ғой. Әйелі:
– Тағы не болды?! – десе, күйеуі:
– Жаңағы сорпаны сораптап ішіп отырғаның есіме түссе жаман жыным келеді! – деген екен.

***

Купеде немересімен бірге келген кемпір:
– Көкесі, сен тіл алмайтын, тамақ ішпейтін балаларға укол саласың ғой, иә? – деді.
– Қуасыз ба, әпше?! – деп едім, Шымкентке жеткенше ләммим деген жоқ.

***

Жаңалықтардан:
«Өзбекстанның бір ауылы жер сілкінісінен қатты зардап шегіп, көптеген үй қирап қалған. Қазақстан тарапы ол жаққа қажетті азық-түлік пен құрылыс материалдарын және құрылыс жүргізуге 500 өзбек жіберді».

***

Өмірдің заңдылығы:
«Егер биікке көтерілсең, достарың сенің кім екеніңді біледі, ал құлдырап кетсең, сен достарыңның кім екенін білесің».

№50-51 (2025 ж) санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



# МИ СЕРГЕК ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН

**Ми таңнан сергек жұмыс істеу үшін қысқа ақыл-ой жаттығуын жасаған жеткілікті.**

Дәрігерлердің айтуынша, күн сайын асықпай орындалатын 5—10 минуттық жаттығулар есте сақтау мен зейінді жақсартып, көңіл күйді көтеруге және когнитив денсаулықты қолдауға көмектеседі. Сол жаттығулардың бірі - «Кері санау»: мысалы, 30-дан 1-ге дейін немесе 20-дан 1-ге дейін баяу санау керек, қалаған жағдайда бір санды аттап санауға болады.

Сондай-ақ, мамандар «Үш затты ата» жаттығуын ұсынды: айналаңызға қарап, дауыстап үш затты атаңыз да, бір минуттан кейін сол заттарды қайта еске түсіруге тырысыңыз.



Дәрігерлердің пікірінше, ассоциациялар ойыны да пайдалы: бір сөзді (мысалы, «алма») айтып, оған қатысты үш ассоциация келтіру керек («тәтті», «қызыл», «бақ»). Сандарды есте сақтауды дамыту үшін біреуден 3–4 сан айтуын сұрап, оларды 30 секундтан немесе 1 минуттан кейін қайталап айтуға болады.

Мамандар зейінге арналған тапсырма да ұсынды: дауыстап оқылған қысқа сөйлемнің ішінен белгілі бір әріпті немесе сөзді тауып шығу.

*Massaget.kz*

**Астанада биылғы «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Елдің түкпір-түкпірінен бизнес, ғылым, мәдениет, медиа, ақпараттық технологиялар және волонтерлік салалардағы отыз үздік жобаның иелері елордаға жиналды.**

Мәдениет және ақпарат министрлігі мәліметінше, әр жеңімпазға 3 миллион теңге көлемінде грант сертификаты табысталды.

Жеңімпаздарды Премьер-министр орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева құттықтады. Ол жастарды қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтіп, барлық бастама жас ұрпақтың болашағы үшін жүзеге асырылып жатқанын тілге тиек етті.




# «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» – 2025: АИДА БАЛАЕВА ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАДЫ





– Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы ел дамуының алдағы бағытын айқындап, жаңа кезеңнің стратегиялық міндеттерін нақтылап берді. Қазіргі қабылданып жатқан шешімдер мен жүзеге асып жатқан реформалар жастарға сапалы білім алып, өз әлеуетін толық іске асыруға, бәсекеге қабілетті, саналы азамат болып қалыптасуына мүмкіндік береді. Сондықтан бұл тарихи кезең – тек өзгерістер уақыты ғана емес, болашаққа деген сенімді нығайтатын, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды дәуір деп айтуға толық негіз бар, – деп атап өтті вице-министр.

Аида Балаева жеңімпаздарды құттықтап, жаңа бастамаларына табыс тіледі. Сондай-ақ ол жастарды ынталандыру мен қолдауға бағытталған басқа да жобалар туралы айтты. Олардың қатарында «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы, жас жазушылар мен ақындарға арналған Президенттің арнайы әдеби сыйлығы, журналистерге арналған «Үркер», «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығы бар.

Айта кетейік, «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты Мемлекет басшысының бастамасымен дарынды әрі болашағынан үміт күттіретін жастарды қолдау мақсатында 2021 жылы құрылған. Осы уақытқа дейін аталған грант 123 қазақстандықтың идеясын іске асыруға және дамытуға мүмкіндік берді.

Биыл конкурсқа 6 бағыт бойынша 1700 өтінім келіп түсті, оның 1622-сі қабылданды. Олардың қатарында Қазақстанның мәдени мұрасын мен ұлттық дәстүрлерді насихаттауға, мәдениет пен өнерді дамытуға, ғылыми зерттеулер жүргізуге, IT және волонтерлік саладағы стартаптарға, сондай-ақ креативті бизнес-идеяларға бағытталған жобалар бар.

*qazaquni.kz*

# ТҰЛҒАЛАР МҰРАСЫНА АРНАЛҒАН КӨРМЕ

**ҚР Ұлттық кітапханасында биыл мерейтойы аталып өтетін мемлекет және қоғам қайраткерлері, әдебиет пен өнер саласының 16 көрнекті өкіліне арналған көрме ашылды. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігі хабарлады.**

Олардың қатарында Жамбыл Жабаев, Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Жұбанов, Сайын Мұратбеков және өзге де тұлғалар бар.

– Көрме экспозициясына 350-ден астам баспа басылымы мен 200-ге жуық электронды материал қойылды. Кітапханаға келушілер мерейтой иелерінің өмірбаяны, кәсіби және қоғамдық қызметі жөніндегі мәліметтермен таныса алады. Мәдениет қайраткерлеріне жеке бөлім арналып, олардың театр, кино және музыка өнерін дамытуға қосқан үлесі таныстырылды, – делінген ақпаратта.

Ұлттық кітапхананың оқырмандары көрмені жыл бойы тамашалай алады.




Айта кетейік, ҚР Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев Берлиндегі Grüne Woche көрмесінде Қазақстанның Ұлттық павильонын ашты. Сондай-ақ Bett UK 2026 халықаралық көрмесінде Қазақстанның ұлттық павильоны таныстырылды.

*qazaquni.kz*

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы -
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Тарату бөлімі:
Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)
Астанада «Алты Алаш» дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.
Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ – 15 000
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы,
Қалқаман-3 ықшамауданы,
С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Дастан ЕЛДЕС

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды.
Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

*«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:*

1 жылға | қала үшін 5750,88 теңге | ауыл/аудан үшін 5974,32 теңге

**Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады**

Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.